№10(76) (2025 ж. Қазан/Октябрь 2025 г.)

ULAĠATTY USTAZ JOLY

Республиканский информационный научно-методический журнал
Республикалық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы

Дене шынықтыру мұғалімі, педагог-

«Бозтал негізгі мектебі» КММ

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА БАСКЕТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



Кургамбаев Темирлан Нурланович

«ULAĠATTY USTAZ JOLY» республикалық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының
№10(76) (2025 ж. Қазан) шығарылымы. Выпуск №10(76) (Октябрь 2025 г.)
республиканского информационного научно-методического журнала
«ULAĠATTY USTAZ JOLY».

Басылымның кезеңділігі - айына 4 рет шығады

№ KZ44VPY00078195 есепке қоюы туралы
КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде берілген

Периодичность издания — 4 раза в месяц.

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет № KZ44VPY00078195

Выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:
білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық, педагогикалық инновациялық тәжірибелерді тарату бойынша материалдар жариялау.

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:
публикация материалов по распространению учебно-методического, научно-практического, информационно-аналитического, педагогического инновационного опыта в области образования.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
Бас редактор:/Главный редактор: Айтуғанова Еңлік Баяндықызы
Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

Материалдардың анықтығына авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

Ответственность за достоверность материалов несут авторы. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы

«ULAĠATTY USTAZ JOLY» ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.
С правилами для авторов информационного научно-методического журнала «ULAĠATTY USTAZ JOLY» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Мазмұны / Содержание

Куанышкалиева А.К. "Біз пәндік заттық дамытушы кеңістікті қалай жабдықтаймыз?»....4
Кенжалиева М.К. Применение искусственного интеллекта на уроках русского языка и литературы в классах с казахским языком обучения....7
Тургумбекова А.Н. Мен неге қазақ тілін үйренемін? 10
Маханова С.К. Ана тілім – ардағым 13
Каракулова Н.К. Мақта қыз бен мысық ертегісі....14
Ордаева З.Ж. Тарихты жасаушылар: қазақтың заманауи қаһармандары 15
Хиват К. «Тәуелсіздік тұғырым» 16
Сейтова Г.З. Жасанды интеллект платформалар арқылы мектепке дейінгі оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту жолдары 18
Мергенбаева А.Х. "Жасанды интеллекті оқу процесіне интеграциялау" 22
Муратова Ж.К. Соқпақ. Дауысты және дауыссыз дыбыстар....24
Сапарова С.А. Химия және заманауи білім: stem, steam, stream әлемінде....26
Рысбаев Р., Омарова Н. Махаббат мекені 28
Оралбаев А.Д. Футбол ойыны арқылы ептілікті дамыту әдістері....31
Хасанов Р.Б. Волейбол ойыны арқылы командалық рух пен ынтымақтастықты қалыптастыру....32
Макешева А.Б. «Волшебное искусство – речь» 33
Дауренбекова А.Б. Қызықты математика әлемінде 35
Ниғметоллина С.О. Күрделі шарттарды программалау....38
Нурбаева С.А. Ш дыбысын машықтандыру....43
Петриченко М.В. «Функциональная грамотность на уроках русского языка и литературного чтения»....46
Гришина В.В. "Developing an english language curriculum based on project-based learning in school education" 49
Сагинбай Ж.Т. Физиканы жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқытудың әдістемесі....50
Жаркимбекова Ж.С. Әдеби шығармаларды сахналау арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру....53
Зайтенова Б.Х. Дыбыстар әлеміне саяхат....55
Бахчачиева З.Ф. Seven wonders of the world 59
Сағатова К.К. Химия және микропластик: жаһандық проблема....62
Каражанова С.Е. Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану арқылы оқушылардың оқу белсенділігін дамыту 65

Куанышкалиева Айжан Кенжешовна
Әдіскер, педагог-модератор
№33 «Әлия» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы



"БІЗ ПӘНДІК ЗАТТЫҚ ДАМЫТУШЫ КЕҢІСТІКТІ ҚАЛАЙ ЖАБДЫҚТАЙМЫЗ?»

Мақсаты: балабақша педагогтарының мектепке дейінгі білім беру стандартына сәйкес топтарда заттық дамытушы орта құруға негіз болатын теориялық білімдерін тиянақтау.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі білімнің жаңару жағдайында тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- мемлекеттік стандарт талаптарын ескере отырып, балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға негіз болатын заттық-дамытушы ортаны жобалауға теориялық және практикалық тұрғыда толыққанды дайындықты қамтамасыз ету;
- балабақшаның жас ерекшелік топтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны жобалау және болжам жасау біліктілігін қалыптастыру

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс:

МЖМБС-мен және заттық-дамытушы ортаға қатысты терминдермен танысу, заттық-дамытушы орта үлгісін дайындау

Семинарға дайындық

• «Балабақшадағы заттық-дамытушы орта» тақырыбында, электронды түрде, презентация дайындау - әдіскерлер.

• Презентацияны қарау үшін проектор, экран құру және ноутбук дайындау – әдіскер.

• Педагогикалық сыр-сандық дайындау – семинар тақырыбы бойынша педагогикалық сұрақтар салынған сандықша не қорапша.

• Мольберттерді қою, плакат, фломастер дайындау-тәрбиешілердің үлгі жобасы үшін.

• Жеделхат парақшасы – қатысушылар санына қарай

Теориялық семинар жоспары:

1. Кіріспе

2. Глоссарий

Сергіту сәті «Сиқырлы доп»

3. Педагогикалық сыр-сандық: заттық дамытушы ортаның ерекшеліктері

4.Топпен жұмыс: жас ерекшелік топтарына сәйкес заттық-дамытушы орта құру жобасын үлгілеу

5. Видео презентация: «Балабақшадағы заттық-дамытушы орта»

6. Семинар қорытындысы. «Жеделхат» («Телеграмма») технологиясы

Теориялық семинар барысы:

1.Кіріспе. Құрметті әріптестер! Бала тұлғасын дамытудың, танымдық қызығушылығын қалыптастырудың маңызды факторларының бірі қоршаған орта – бала өмір сүретін, ойнайтын, дем алатын орта болып табылады. Балаға сезім мүшелері арқылы әсер ете отырып, оның әсемдік, талғам, құндылық бағдар туралы түсініктерін қалыптастыруға болады. Осының барлығын балабақшада балаға жағдай құру барысында ескеру қажет.

Соңғы уақытта «**заттық дамытушы орта»** ұғымы пайда болды**.** Заттық дамытушы орта дегеніміз не? (тәрбиешілердің жауабы)

«Заттық-дамытушы орта – бұл баланың рухани және дене дамуының функционалдық үлгідегі мазмұны, оның іс-әрекетінің материалдық обьектілерінің жүйесі»

Олай болса, біздің бүгінгі теориялық семинарымыздың тақырыбы **«Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру ерекшелігі»** деп аталады.

Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру ерекшелігін талқыламас бұрын осы тақырыпқа қатысты терминдерге шолу жасайық.

1.Глоссарий

Глоссарий – қандай да бір білім саласына арналған терминдердің түсіндірмелі сөздігі.

Заттық дамытушы ортаға байланысты сөздерге сипаттама беріңіздер (глоссарий құру)

Жүргізуші слайд арқылы ойнап жүрген балалардың суреттерінен 2-3 үлгі көрсетеді; ойыншықтардың; үлкен-кіші қуыршақтардың суреттері, қуыршақ театрының бір көрінісі – үзінді сурет; Сюжетті-ролдік ойын – ойын сәтінен үзінді сурет; пирамида мен шахматтың және доптың суреті;

Ойыншық – баланы алдандыруға, жұбатуға арналған зат; баланы дамыту, тәрбиелеу және білім берудің маңызды құралдарының бірі.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті.

Қуыршақ-матадан, қағаздан, ағаштан, пластиктен дайындалатын адам бейнесіндегі ойыншық.

Қуыршақ театры – қуыршақтар арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршақты актер қимылға келтіріп, оның сөзін көбінесе өзі айтып тұрады.

Сюжетті-ролдік ойын – қоғамдық тәжіибені құруға және меңгеруге бағытталған ойын іс-әрекетінің бір түрі.

Пирамида – 7-8 сақинадан тұратын түрлі-түсті ойыншық

Доп – негізінен спорттық ойындарда қолданылатын зат.

Сергіту сәті «Сиқырлы доп»

Қажетті құрал: доп

Шарты: жүргізуші әр педагогке допты алма кезек лақтырады да бір әріпті, яғни дыбысты атайды, қағып алған педагог сол әріптен басталатын ойыншықтың атауын айтуы тиіс.

2.Педагогикалық сыр-сандық: заттық дамытушы ортаның ерекшеліктері

Сыр-сандықта заттық-дамытушы ортаның ерекшеліктері бар. Әр топ сандықшадан бір сұрақты алады және оған жауап береді, ал қалғандары толықтырып көмек береді.

Сұрақтар:

-Заттық ортаның негізгі элементтерін атаңыздар. (сәулетті – ландшафтық және табиғи - экологиялық объектілер; ойын және спорт алаңдары, олардың жабдықтары; ойыншықтардың тақырыптық жинақтамаларымен, ойын материалдарымен, ойын жабдықтарымен жарақтандырылған ойын кеңістіктері).

-Заттық ортаға қойылатын бастапқы талапты атаңыз.

(Заттық ортаға қойылатын бастапқы талап - оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай - ақ участкені заттық кеңістікке ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал - жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материал, т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс).

-Топта заттық-дамытушы ортаны құру неге байланысты? не Топта заттық-дамытушы ортаны құруда нені ескеру қажет? (баланың жас ерекшелігіне, даму деңгейіне, тәрбие мазмұнына, іс-әрекет тәжірибесіне, білім беру ұйымының типіне)

-Неліктен орта дамытушы деп аталады? (Орта таяу арада даму аймағын қамтамасыз етіп, әр баланың шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай құруы тиіс)

-Заттық-дамытушы ортаның негізгі принциптерін жіктеп көріңіздер. (қауіпсіздік, эстетикалық, көп функциялылық т.т.б.)

-Топтардағы негізі аймақтарды (зоналар) атап беріңіздер. (Ойын, табиғат, қимыл-қозғалыс, танымдық даму, музыкалық-театрлық)

-Қалай ойлайсыздар, қабылдау бөлмесіне және әжетхана бөлмесіне бұрыш орнатуға бола ма, неліктен?

-Барлығымен қандай түстер үйлеседі? (Ақ, сұр, қара)

Біз заттық дамытушы ортаның ерекшеліктерін тұтастай сипаттадық. Дамытушы орта құра отырып, тәрбиеші «бала өмір сүретін орта оның тәрбиесінде орасан, еш теңдесі рол ойнайтынын» әрқашан ескеруі қажет.

3. Топпен жұмыс: жас ерекшелік топтарына сәйкес заттық-дамытушы орта құру жобасын үлгілеу (тәрбиешілер өз жобаларын қорғайды)

4. Видео презентация: «Балабақшадағы заттық-дамытушы орта»

5. Семинар қорытындысы

«Жеделхат» («Телеграмма») технологиясы. Жұмыс аяқталған соң әр қатысушыға жеделхат парақшасын толтыру ұсынылады, осы орайда келесі нұсқаулар беріледі:

- Өткізілген шара туралы сіз не ойлайсыз?
- Сіз үшін не маңызды болды?
-Сіз не үйрендіңіз?
-Сізге не ұнады?
- Сіз үшін не түсініксіз болып қалды?
- Әрі қарай бізге қандай бағытта қимыл-әрекет жасау қажет?

Осы нұсқау сұрақтарын қолдана отырып, маған қысқаша жеделхат жазыңыз. Мен сіздердің пікірлеріңізді алдағы жұмысымда ескеретін боламын.

Түйін сөз. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің басты міндеті балалардың эмоционалды жайлылық және психологиялық қорғаныс сезімін туғызу. Балабақшада бала өзін сүйікімді, әрі қайталанбас тұлға ретінде сезінуі тиіс. Сондықтан тәрбие процесі жүретін орта маңызды болып табылады.

Осы семинарда біз балабақшадағы заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында ескерілуі тиіс ең маңызды сәттерге назар аударуға тырыстық. Сіздерге және сіздердің бүлдіршіндеріңізге осы бағытта шығармашылық тілейміз!

Кенжалиева Маншук Курмангалиевна
Учитель русского языка и литературы, педагог-модератор
АҚББББ "IT мектеп- лицей" КММ
Мангистауская область, г. Актау



ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В КЛАССАХ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Аннотация: *в статье рассматриваются возможности применения технологий искусственного интеллекта на уроках русского языка и литературы в классах с казахским языком обучения. Описаны способы использования ИИ для анализа текста, коррекции речевых ошибок, персонализации обучения и развития критического мышления учащихся. Подчёркивается роль учителя в управлении цифровыми инструментами и формировании ответственного отношения к их применению.*

Ключевые слова: *искусственный интеллект, русский язык, литература, цифровая педагогика, билингвальное обучение, критическое мышление, персонализация, медийная грамотность.*

Современное образование переживает активный процесс цифровой трансформации, в ходе которого технологии искусственного интеллекта (ИИ) становятся неотъемлемой частью образовательной среды. Для учителя русского языка и литературы, работающего в классах с казахским языком обучения, использование ИИ открывает новые перспективы в формировании языковой компетенции, развитии речи и повышении мотивации учащихся. Искусственный интеллект сегодня способен выполнять не только вспомогательные, но и обучающие функции, обеспечивая индивидуализацию, интерактивность и глубокую аналитическую поддержку учебного процесса.

Русский язык и литература, как предметы гуманитарного цикла, требуют развития у учащихся навыков понимания, интерпретации, анализа текста и выражения собственных мыслей. В условиях билингвальной образовательной среды, где родной язык учащихся — казахский, а русский изучается как второй язык, применение технологий ИИ становится особенно актуальным. Оно позволяет создать адаптивную систему обучения, учитывающую уровень владения языком, речевые ошибки, темп усвоения и интересы учащихся.

Одним из наиболее востребованных инструментов ИИ в преподавании русского языка являются интерактивные языковые платформы и чат-боты (например, ChatGPT, Grammarly, DeepL Write, YandexGPT и др.), которые способны анализировать грамматику, синтаксис, орфографию и стиль текста, предлагая обучающемуся корректные варианты исправлений и объяснения. Использование таких инструментов помогает ученику осознанно воспринимать ошибки и улучшать навыки письма.

На уроках литературы технологии ИИ могут быть использованы для анализа художественного текста. Современные алгоритмы способны распознавать структуру произведения, определять эмоциональную окраску, выделять ключевые слова и темы. Учитель может использовать такие данные при подготовке к урокам, для создания тестовых заданий, визуализации текста или интерактивных викторин. Например, с помощью ИИ можно быстро составить сравнительную таблицу образов персонажей, выявить мотивы и символы произведения, что повышает аналитическую культуру учащихся.

Отдельное направление — это персонализация обучения. Программы искусственного интеллекта позволяют формировать индивидуальные маршруты для изучения русского языка. Система может анализировать прогресс ученика, определять трудные темы (например, склонения, правописание приставок, пунктуация), подбирать упражнения нужного уровня сложности и даже формировать мини-уроки с интерактивной обратной связью. Это особенно важно для классов с казахским языком обучения, где у многих учащихся наблюдаются типичные интерференционные ошибки — перенос языковых норм родного языка в русскую речь.

Кроме того, использование ИИ на уроках русского языка способствует развитию критического мышления и медийной грамотности. Ученики учатся анализировать тексты, созданные алгоритмами, выявлять неточности, стилистические несоответствия и интерпретировать смысл произведений. Это формирует у них не только языковую, но и цифровую компетентность — умение работать с современными информационными технологиями и осознанно использовать их в обучении и коммуникации.

На уроках литературы педагог может применять ИИ для создания творческих заданий: написания продолжений литературных сюжетов, альтернативных финалов, анализа текстов в разных стилях и жанрах. Например, учащиеся могут использовать ИИ для моделирования диалогов между героями, написания эссе от лица персонажей или перевода поэтических строк с казахского на русский язык с последующим обсуждением смысловых нюансов. Такой подход не только активизирует познавательную деятельность, но и пробуждает интерес к языку как к живому инструменту самовыражения.

Однако внедрение искусственного интеллекта в образовательный процесс требует педагогического сопровождения и методической грамотности. Учителю важно понимать, что ИИ не заменяет личность педагога, а лишь усиливает его возможности. Роль учителя состоит в том, чтобы направлять учащихся, развивать у них умение критически воспринимать информацию, анализировать и сопоставлять данные, выданные алгоритмом, с реальными нормами языка и литературными канонами.

С этической точки зрения, использование ИИ в образовании должно основываться на принципах академической честности. Ученики должны понимать, что технологии могут быть помощником, но не средством для автоматического выполнения заданий. Учитель, в свою очередь, может включать в образовательный процесс обсуждения о том, где граница между помощью и подменой мышления, как отличить авторский стиль от машинного текста и почему важно сохранять индивидуальность речи.

Искусственный интеллект также играет важную роль в формировании межкультурной компетенции. Учащиеся, владеющие казахским и русским языками, получают возможность анализировать тексты в межъязыковом контексте: сравнивать синтаксис, лексику, идиоматические выражения. Программы перевода на основе нейросетей (DeepL, Google Translate, ChatGPT Translate) позволяют проводить лингвистические эксперименты, обсуждать стилистические различия и развивать языковую гибкость — важнейшее качество современного билингва.

Кроме того, ИИ способствует развитию исследовательской деятельности учащихся. С помощью интеллектуальных систем можно организовать проектную работу, например, «Лингвистический анализ поэтического текста с помощью ИИ» или «Образ автора в рассказе,

сгенерированном нейросетью». Такие проекты стимулируют самостоятельность, аналитические способности и умение использовать цифровые ресурсы для научного поиска.

Интеграция ИИ в образовательный процесс предполагает не только использование готовых инструментов, но и развитие педагогического дизайна. Учителю важно уметь разрабатывать задания, в которых искусственный интеллект становится частью образовательного сценария, а не просто техническим помощником. Например, можно предложить ученикам написать эссе с помощью ИИ, а затем провести анализ — насколько полученный текст соответствует нормам русского языка, содержит ли стилистические или логические ошибки. Такой подход учит критическому осмыслению информации и развивает навыки редакторской деятельности.

Нельзя не отметить и влияние ИИ на формирование мотивации к изучению русского языка. Интерактивные технологии, визуализация текстов, автоматическая обратная связь и возможность мгновенной проверки заданий делают процесс обучения более динамичным и увлекательным. Ученики становятся активными участниками учебного процесса, видят результаты своего прогресса, что повышает их уверенность и интерес к языку.

В перспективе технологии искусственного интеллекта могут стать частью цифрового образовательного пространства школы: создание виртуальных ассистентов по русскому языку, автоматических систем оценки устной речи, интеллектуальных тренажёров по орфографии и пунктуации. Всё это приведёт к формированию новой модели обучения, где русский язык осваивается не только через учебники, но и через диалог с цифровыми системами, адаптированными к особенностям билингвальных классов.

Таким образом, искусственный интеллект становится мощным инструментом обновления методики преподавания русского языка и литературы. Он помогает сделать уроки более интерактивными, индивидуализированными и осмысленными, а процесс обучения — эффективным и мотивирующим. При правильном педагогическом подходе ИИ не снижает, а повышает уровень языковой подготовки учащихся, формируя у них навыки критического мышления, самостоятельности и цифровой грамотности.

Использованные литературы:

1. Андреева, Г. М. Современные технологии обучения русскому языку и литературе в условиях цифровизации образования. — Москва: Просвещение, 2022.

2. Бекмагамбетова, А. К. Интеграция искусственного интеллекта в образовательный процесс школ Казахстана. — Алматы: КазНПУ им. Абая, 2023.

3. Киселева, Е. Н. Искусственный интеллект в лингводидактике: перспективы и вызовы. // Вестник педагогических инноваций. — 2023. — № 4. — С. 45–53.

4. Назарова, Л. С. Цифровая трансформация преподавания русского языка и литературы: методические аспекты. — Санкт-Петербург: Лань, 2022.

Тургумбекова Аида Нурахановна
Қазақ тілі пәні мұғалімі
“Umka school” мектебі
Алматы қаласы, Бостандық ауданы



МЕН НЕГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНЕМІН?

Аннотация. *Мақалада қазақ тілін орыс тілді бастауыш сынып оқушыларына үйретудің мәні мен маңыздылығы ғылыми-публицистикалық тұрғыда талданады. Автор қазақ тілін үйренудің тек тілдік құбылыс емес, ұлттық сана мен мәдениетті қалыптастыратын рухани құндылық екенін айқындайды. Мақалада тілге деген уәж, қызығушылық, мотивация ұғымдары педагогикалық және мәдени контексте қарастырылып, мұғалімнің кәсіби рөліне ерекше назар аударылады. Қазақ тілін үйренудің оқушы тұлғасына тигізер тәрбиелік, танымдық және әлеуметтік әсері кеңінен сипатталады.*

Кілт сөздер: *қазақ тілі, тіл үйрену мотивациясы, бастауыш сынып, мәдениет, рухани құндылық, тұлға қалыптастыру, тілдік тәрбие.*

Қазақ тілі – халқымыздың жаны, ұлттың рухани тірегі, ұлттық болмыстың алтын арқауы. Бұл тілді үйрену тек грамматикалық ережелер мен сөздік қорды меңгеру емес, ол – ұлттың дүниетанымын, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, рухани әлемін түсінудің бірден-бір жолы. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары үшін қазақ тілін үйрену – тұлғалық қалыптасудың іргетасын қалайтын маңызды қадамдардың бірі. Себебі бала жастайынан өзге ұлттың да тілін, мәдениетін сыйлауға, қоғамдағы тілдік үйлесімділікті сезінуге дағдыланады.

Қазақ тілін үйрету, әсіресе орыс тілді бастауыш сыныптарда, үлкен жауапкершілікті, шыдамдылықты және шығармашылықты талап етеді. Мұғалім тек тілдік білім беруші ғана емес, оқушының рухани әлеміне әсер етуші тұлғаға айналады. «Мен неге қазақ тілін үйренемін?» деген сұраққа жауап беру арқылы бала өз өмірлік бағдарын анықтайды, тілге деген ішкі уәжін қалыптастырады. Бұл уәж – тілді жаттап емес, шынайы қызығушылықпен үйренудің ең қуатты тетігі.

Қазақ тілін үйренудің маңыздылығын түсіндіруде оқушыға тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, рухани құндылық екенін жеткізу – мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Орыс тілді бастауыш сыныптарда тіл үйрету барысында оқушылардың жас ерекшелігі, қабылдау қабілеті және олардың мәдени ортадағы орны ерекше ескеріледі. Мысалы, кішкентай бала үшін тіл үйрену тек сөз жаттау емес, ойын арқылы, көрнекілік арқылы, ән мен өлең арқылы танымдық сапарға шығу іспетті. Сондықтан сабақта көркем әдебиет элементтерін, ұлттық ойындарды, интерактивті тәсілдерді пайдалану – тілді қызықты әрі әсерлі ету жолы.

Қазақ тілін үйренудің мәні – тек тілдік құзыреттілікті қалыптастыру емес, тұлғаның ұлттық сана-сезімін ояту. Тілді үйрену арқылы бала Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, жеріне, тілі мен тарихына құрметпен қарай бастайды. Әрбір жаңа сөз – оның санасында жаңа

ұғым, жаңа таным дүниесін ашады. Мысалы, «Атамекен», «Бірлік», «Достық», «Ынтымақ» сияқты сөздер – жай лексикалық бірліктер емес, терең ұлттық философияны білдіретін ұғымдар. Мұндай сөздердің мәнін сезіну арқылы бала өз елін, халқын сүйіп, өзге ұлтқа да сыйластықпен қарауға үйренеді.

Орыс тілді сыныптарда қазақ тілін үйрету үдерісінде мұғалімнің басты міндеті – тілге деген ішкі ынта мен қызығушылықты ояту. Бұл үшін сабақты өмірмен байланыстыра өткізу аса маңызды. Мысалы, «Мектеп», «Отбасы», «Достар», «Табиғат» секілді тақырыптар арқылы оқушылар өз өміріндегі шынайы жағдайлармен салыстырып, қазақ тілінде ой қорыта алады. Оқушы өз ойын еркін жеткізе бастағанда ғана тіл үйренудің шынайы нәтижесі көрінеді. Ал бұл нәтижеге жету үшін мұғалім әр сабақта баланың бойындағы сенімсіздікті жоюы, тіл үйренуге деген психологиялық кедергілерді жеңуі керек.

Қазақ тілін үйренудің тағы бір маңызды қыры – қоғамдағы көптілділік саясатымен, яғни үштұғырлы тіл идеясымен тығыз байланысты. Қазақстандағы тіл саясатының мәні – мемлекеттік тілдің жетекші рөлін сақтай отырып, өзге тілдерге де құрметпен қарау. Бұл үйлесім елдегі этносаралық келісім мен мәдени алуандықтың негізін қалайды. Көптілділік – жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті болудың алғышарты, бірақ ол мемлекеттік тілдің мәртебесін төмендетпей, керісінше оның қолданылу аясын кеңейтуді көздейді. Сондықтан қазақ тілін білу – тек мемлекеттік міндет емес, азаматтық парыз, рухани қажеттілік. Тіл – ұлттың жаны, елдің тұтастығы мен тәуелсіздігінің нышаны. Әрбір қазақстандықтың қазақ тілін меңгеруі – елдің болашағына қосқан үлесі. Бұл ретте, әсіресе, жас буынның тілге деген сүйіспеншілігін ерте жастан қалыптастыру ерекше маңызға ие. Бастауыш сыныптағы қазақ тілі сабақтары – тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ететін, ұлттық рухты қалыптастыратын алғашқы мектеп. Мұғалімнің әр сабағы арқылы бала тек тіл үйреніп қана қоймай, ұлттың тарихы мен мәдениетіне етене жақындайды. Тілге деген құрмет баланың бойында кішкентай кезінен басталса, ол ертең қоғамның белсенді мүшесіне, ұлттық құндылықтарды қорғаушы, өз елінің рухани дамуына үлес қосатын мәдениетті тұлға болып өседі.

«Мен неге қазақ тілін үйренемін?» деген сұрақтың жауабы әр оқушыда әртүрлі болуы мүмкін. Бірі – сыныптастарымен еркін сөйлесіп, достасу үшін үйренеді, бірі – қазақстандық патриот ретіндегі борышын сезініп, өз елінің мемлекеттік тілін меңгеруді азаматтық міндет деп түсінеді, енді бірі – ата-анасының, ұстазының ықпалымен, олардың үлгісі арқылы тілге қызығушылық танытады. Кейбір балалар үшін қазақ тілін үйрену – жаңа әлемге жол ашу, жаңа достар табу, шығармашылық қабілетін дамыту мүмкіндігі. Ал кейбіреулер үшін бұл – өз елінің мәдениетіне құрмет көрсету мен қоғамға бейімделудің жолы. Бірақ олардың барлығын біріктіретін ортақ мақсат – өз елін, жерін, мәдениетін, тарихын тану және соған үлес қосу ниеті. Қазақ тілін үйрену арқылы бала өз елін жақсырақ түсінеді, өзін Қазақстан азаматы ретінде сезінеді, көпұлтты қоғамда еркін қарым-қатынас жасай алады, өзгеге сыйластықпен қарай отырып, өз ұлтының қадір-қасиетін бағалауды үйренеді. Тіл арқылы адам өзін тұлға ретінде қалыптастырады, ал қазақ тілін үйрену – Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір баланың ел болашағына жол ашар рухани тәжірибесі.

Тіл – ұлттық бірегейліктің айнасы. Сондықтан қазақ тілін үйрену арқылы адам өз бойында адамгершілік, бауырмалдық, төзімділік, отансүйгіштік сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Әсіресе орыс тілді оқушылар үшін бұл процесс — мәдениеттер тоғысында өз орнын табудың тиімді жолы. Тілді үйрену барысында олар қазақ халқының поэзиясымен, мақал-мәтелдерімен, ұлттық мерекелерімен, тұрмыс-салт дәстүрлерімен танысады. Бұл өз кезегінде рухани байлыққа жол ашады.

Қазақ тілін үйрену – болашаққа салынған инвестиция. Бүгінгі жаһандану дәуірінде көптілді болу – өмір талабы. Бірақ туған елдің тілін білмей тұрып, басқа тілдерді меңгерудің мәні шамалы. Қазақ тілін меңгерген оқушы өз мәдениетінің тамырымен байланысын сақтай отырып, әлемдік кеңістікке де еркін шыға алады. Сондықтан тіл үйрену – тұлғалық және кәсіби дамудың негізгі шарты.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде мұғалімнің рөлі ерекше. Ол тек тілдік білім беріп қана қоймай, оқушыға рухани бағдар береді. Мұғалім әр баланың жүрегіне тілге деген сүйіспеншіліктің ұрығын себеді. Сол сүйіспеншілік бір күні үлкен құрмет пен мақтанышқа айналады. Мұғалім үшін ең үлкен жетістік – оқушының қазақ тілінде сөйлеп, өз ойын еркін жеткізуі ғана емес, сол тіл арқылы елге, мәдениетке деген ықыласының артуы.

Қазақ тілі – тек пән емес, ол – өмір мектебі. Бұл пән арқылы бала өз-өзін таниды, қоршаған ортаны түсінеді, қоғаммен байланыс орнатады. Тілдің тағдыры – ұлттың тағдыры. Сондықтан қазақ тілін үйрету – ұлт болашағына қызмет ету. Әр мұғалім, әр ата-ана, әр оқушы осы жауапкершілікті сезінгенде ғана тілдің мәртебесі артып, ұлттың рухы биіктей түспек.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін үйрену – адамның рухани кемелдену жолындағы ең маңызды қадамдардың бірі. «Мен неге қазақ тілін үйренемін?» деген сұраққа әркім өз өмірінен жауап табады: бірі – елін сүйгені үшін, бірі – мәдениетін құрметтегені үшін, бірі – болашағын осы елмен байланыстырғаны үшін. Бірақ барлығының жүрегінде бір ғана сезім – қазақ тіліне деген сүйіспеншілік. Тіл – халықтың жүрегі. Ал жүрексіз өмір болмайды. Демек, қазақ тілін үйрену – мәңгілік рухты сақтау, ұлттық болмысты қорғау, ұлттың тағдырын жалғау деген сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 240 б.
2. Салқынбай А. Тіл және ұлт. — Алматы: ҚазҰУ, 2013. — 276 б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаев. Әділетті Қазақстан – бәріміз үшін. — Астана, 2023.
4. Хасанова Г. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістері. — Алматы: Рауан, 2019. — 160 б.
5. Шаяхметова Н. Б. Қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. — 210 б.

ПОЧЕМУ Я ИЗУЧАЮ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК?

Аннотация. *В статье научно-публицистическим образом рассматриваются значение и важность обучения казахскому языку учащихся начальных классов с русским языком обучения. Автор подчёркивает, что изучение казахского языка — это не только языковое явление, но и духовная ценность, формирующая национальное сознание и культуру. В статье анализируются понятия мотивации, интереса и побуждения к изучению языка в педагогическом и культурном контексте, особое внимание уделяется профессиональной роли учителя. Подробно описано воспитательное, познавательное и социальное влияние изучения казахского языка на личность учащегося.*

Ключевые слова: *казахский язык, мотивация изучения языка, начальная школа, культура, духовная ценность, формирование личности, языковое воспитание.*

Маханова Саулекан Какимсеитовна
Тәрбиеші, педогог-модератор
"Қаратұма орта мектеп-балабақшасы" КММ
Абай облысы, Мақаншы ауданы, Қаратұма ауылы



АНА ТІЛІМ – АРДАҒЫМ

Мақсаты:
– Балалардың ана тіліне деген қызығушылығын арттыру;
– Сөздік қорын байыту, тыңдай білуге және дұрыс сөйлеуге үйрету;
– Тілдік ойындар арқылы ойлау, есте сақтау, зейінін дамыту.
Құрал-жабдықтар:
Проектор, суретті карточкалар,музыкалық фон.
Ойын барысы:
1. Шаттық шеңбері
Тәрбиеші:
– Балалар, бүгін біз туған тіліміз – қазақ тіліне арналған ойын ойнаймыз!
– Тіліміз – бізге ең қымбат, ең жақын!
Өлең жолы:
Тілім менің – тірегім,
Кеудемдегі жүрегім.
Ана тілім – айбарым,
Құрметтеймін әрдайым!
2. Топқа бөлу
Күзгі жапырақтарды алу арқылы түстеріне қарай екі топқа бөліп отырғызу.
- Балалар, қазір біз мына сиқырлы кілемшенің үстінен жүгіріп, әуен тоқтағанда өзіміздің асығымызды таңдаймыз. Тоқтаған сиқырлы асығымыз тапсырма береді.
3. "Не қалай дыбыстайды?" (есте сақтау ойыны)
Мақсаты: жануарлардың атауын, дыбыстауын білу
Тапсырма: Экранда жануар суреті шығады, балалар оның қалай дыбыстайтынын айтады.
Мысалы:
– Бұл не? – Сиыр
– Ол қалай дыбыстайды? – Мө-ө-ө!
– Ит – ауп-ауп
– Қой – бә-ә-ә
– Тауық – қыт-қыт
4. "Суретпен сөйлем құрап айт" (сөйлеуді дамыту)
Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту
Тапсырма:
Тақтада бірнеше суреттер көрсетіледі.
Балалар әр суретке қарап сөйлем құрайды.

Мысалы:
Анашым алма жуды.
Мен қуыршақпен ойнадым
5. «Қай ертегі?»
Берілген QR код арқылы ертегіні ашып, атын айтады.
6. Сергіту сәті:
"Ою-өрнек" әуенімен қимыл-қозғалыс жасайды .
Қорытынды:
Балаларды мадақтап, туған тілдің қадірін түсіндіреді:
– Тілімізді жақсы көру – өзімізді жақсы көру!
– Қазақ тілінде сөйлейік, ән айтайық, ойнайық!


Каракулова Назым Куандыковна
Тәрбиеші
№2 Айгөлек бөбекжай-бақшасы
Ақтөбе облысы, Мартук ауданы

МАҚТА ҚЫЗ БЕН МЫСЫҚ ЕРТЕГІСІ

Мақсаты: Ертегі желісі бойынша сюжеттік көрініс қою арқылы қуанышты көңіл сыйлау және ертегі мазмұны бойынша достыққа,әдептілік сынды жақсы қасиеттерді балалардың бойына сіңіру.
Қатынасушылар: Автор-Бердіқұл Айсара
Мақта қыз-Мұқанова Жанель
Мысық-Талғатова Айсауле
Сиыр-Төлегенова Адина
Ағаш-Бұхарбай Нұрхан
Қыздар-Барлық Адилина, Дүйсебай Аймира
Дүкенші:Жұмабай Нұржауған
Тышкан:Назарбай Батырхан
Айсара:Бір күні Мақтақыз үй сыпырып жүріп,миіз тауып алып мысығын шақырады. Мысығы келмеген соң,өзі жеп қояды.
Мысық: -Мяу-мяу мақтақыз мені шақырдыңба?
Мақтақыз: -Ия шақырдым,үй сыпырып жүріп миіз тауып алдым,сен келмеген соң жеп қойдым.
Мысық: -Онда сенің сүтіңді төгіп тастаймын. (төгіп тастайды)
Мақтақыз: -Онда мен сенің құйрығыңды кесіп тастаймын. (құйрығын кесіп тастайды)
Мысық: -Мақтақыз маған құйрығымды берші.
Мақтақыз: -Жоқ.сен маған бірінші айранымды акеліп бер,содан соң құйрығыңды беремін.
Мысық: -Жарайды.-деп кетіп қалады
Мысық:-Сиыр сиыр маған сүт берші?
Сиыр: -Жоқ сен бірінші маған жапырақ әкеліп бер,содан кейін сүт беремін.
Мысық: -Жарайды.
Мысық:- Ағаш, ағаш маған жапырақ берші?
Ағаш: -Жоқ маған бірінші су әкеліп бер,содан кейін су беремін.
Мысық: -Жарайды.
Мысық:-Қыздар,қыздар маған су беріңдерші?
Қыздар: -Жоқ бере алмаймыз,сен бірінші бізге сағыз әкеліп берші,содан кейін сағыз береміз.
Мысық: -Жарайды.

Мысық: -Дүкенші,дүкенші маған сағыз берші?
Дүкенші:-Жок маған бірінші жұмыртқа әкеліп бер, содан кейін сағыз беремін.
Мысық: -Жарайды.
Мысық:-Тауық,тауық маған жұмыртқа берші?
Тауық:-Жоқ бірінші сен маған тары әкеліп бер,содан кейін жұмыртқа беремін.
Мысық: -Жарайды. .
Мысық: (Тышқанды көріп бас салып ұстап алады) -Әй тышқан қане жаныңның барында маған бір уыс тары әкеліп бер.
Тышқан: -Жарайды,жарайды әкеліп берейін,тек жіберші мені. Жинап қойған тарым бар еді, әкеліп берейін. (Тышкан тары әкеліп береді)
Мысық:-Дүкенші дүкенші саған жұмыртқа әкелдім,маған сағыз берші. (Мысыққа жұмыртқа береді)
-Қыздар қыздар мен сендерге сағыз әкелдім, маған су беріңдерші(қыздар су береді)
-Ағаш, ағаш мен саған су әкелдім. Маған жапырақ берші?(Ағаш жапырақ береді)
-Сиыр сиыр саған жапырақ әкелдім,маған сүт берші?(Сиыр сүт береді)
Сүтті алып мақтақызға келеді.
-Мақтақыз мен саған сүт әкелдім,құйрығымды берші (Мақтағыз құйрыгын бере д)
Автор: Осылайша Мақтақызбен мысық дос болып қалыпты.

Ордаева Зоя Жумабердиевна
Тарих пәні мұғалімі
Абай атындағы орта мектеп-гимназиясы
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы



ТАРИХТЫ ЖАСАУШЫЛАР: ҚАЗАҚТЫҢ ЗАМАНАУИ ҚАһАРМАНДАРЫ

Қазақстан тарихындағы заманауи қаһармандардың рөлі өте зор. Тәуелсіздік жолында, ғарыштық жетістіктерде, мәдениет пен ғылым саласында өздерінің айрықша еңбектерін қалдырған тұлғалар бүгінгі ұрпақ үшін маңызды үлгі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанның тәуелсіздігін сақтау мен дамыту жолындағы қаһармандарды дәріптеу – бүгінгі ұрпақтың бойында патриоттық сезімін тәрбиелеуге үлкен ықпал етеді. Әр дәуірдің өз қаһармандары болады. Олар – елдің намысын қорғаған, ұлттың рухын көтерген, қоғамның дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі күнінде де тарихтың жаңа беттерін жазып жүрген заманауи қаһармандар жетерлік. Олар – ғылым мен білімде, спорт пен мәдениетте, әскери және қоғамдық салада ерен еңбегімен көзге түскен тұлғалар.

Ел ертеңін қалыптастырған тұлғалар

Тәуелсіздік жылдарында еліміздің ғылымы мен техникасы жаңа деңгейге көтерілді. Ғалымдар жаңа технологиялар мен инновациялық жобаларды жүзеге асырып, Қазақстанның

әлемдік аренада танылуына үлес қосуда. Мысалы, жас ғалымдардың экологиялық жобалары, медицина саласындағы зерттеулері – қоғам игілігіне бағытталған нақты істер. Бұл – білім мен ғылымды өз өмірінің мақсатына айналдырған жаңа буын қаһармандарының еңбегі.

Мәдениет пен спорттағы батырлар

Қазақтың заманауи қаһармандары тек ғылымда ғана емес, мәдениет пен спортта да ел мерейін үстем етуде. Спортшыларымыз халықаралық ареналарда жеңістерге жетіп, көк туды биікке көтеріп жүр. Олимпиада чемпиондары, әлемдік деңгейдегі әртістер мен режиссерлер – ел рухының символы. Мысалы, Илья Ильин, Ольга Рыпакова, Головкин, Димаш Құдайберген сияқты тұлғалар әлемге қазақ елін танытқан нағыз заманауи қаһармандар.

Күнделікті өмірдің батырлары

Қаһармандық тек үлкен сахнада ғана емес, қарапайым өмірде де көрініс табады. Ел үшін жанын қиған әскери қызметкерлер, дәрігерлер мен мұғалімдер – бүгінгі күннің шынайы батырлары. Әсіресе пандемия кезінде дәрігерлердің жанқиярлық еңбегі, төтенше жағдайларда құтқарушылардың ерлігі – халқымыздың рухы биік екенін дәлелдеді. Осы маман иелерінің қатарына өрт сөндірушілерді де қосамыз. Өрт сөндірушілер өз өмірлерін бәйгеге тігіп өзгелердің өмірі үшін жанталаса күреседі. Соңғы уақыттарда кең етек жайған өрттер Қазақстанның әр аймағын қамтыды, соның ішінде Қостанай облысында(2022 жылы 2 қыркүйектен -7 қыркүйек) болған өрт кезіндегі өрт сөндірушілердің ерен ерлігін ерекше атаймыз. Ел үшін жаслған еңбек елеусіз қалмайды. Әскери және қызметтік борышын атқару кезіндегі жанқиярлығы және төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі үшін Қостанай облысындағы орман өртін сөндіруге қатысқан 20 адам "Ерлігі үшін" медалімен марапатталды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 48 азаматқа алғыс жариялады

Қорытынды

Қазақтың заманауи қаһармандары – бұл тек белгілі есімдер ғана емес, өз ісіне адал, ел мен ұлттың болашағы үшін тер төгіп жүрген әрбір азамат. Тарих – осындай адамдардың еңбегімен жасалады. Сол себепті әрқайсымыз өз ісімізбен еліміздің дамуына үлес қосу арқылы тарихтың бір бөлшегіне айнала аламыз.

Хиват Кулзат
Тәрбиеші, педагог-модератор
№2,"Айгөлек бөбекжай бақшасы
Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мартук ауылы

«ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫМ»

Міндетті: Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға балаларды тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге дағдыландыру.

Көрнекіліктер:

Қазақстан Республикасының туы елтаңбасы,ойынға қажетті дидактикалық материалдар.

Әдіс-тәсілдері:Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап,ойын

Әнұран орындалады.

Тәрбиеші: Балалар бүгін бізде үлкен мереке. Еліміздің тәуелсіздік алғанымызға жыл 34 толып отыр. Ендеше бүгінгі күнімізді Отанымызға арнаймыз. Алдыменен жылулық шеңберімізге тұрып, таңғы жиынымызды айтайық

Балалар: Көк аспанда күн күлсін

Бірге күлсін бүлдіршін

Ұл қолында ту жүрсін

Қыз қолында гүл жүрсін.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, орындарыңа отырыңыздар.

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Дұрыс, қыс мезгілі.

Тәрбиеші: .-Кім айтады біздің еліміз қалай аталады?

-Біз қай елде өмір сүріп жатырмыз?

- Сендерге ұнайма?

Балалар: Қазақстан елінде өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Туда ненің суреттері бейнеленген

Балалар;Бүркіт, күн, ою, өрнек

Тәрбеші:Шұғылалы таңымыз

Қазақ жері бағымыз

Қайнарынан мөп мөлдір

Сусындайды жанымыз.

Отан туған жеріміз

Отан ортақ үйіміз

Көңілді ән мен күйіміз.

Тәрбиеші: Қазір елімізді кім басқарады? Президентіміз кім?

Балалар:Қасым-Жомарт Тоқаев

Тәрбиеші: Дұрыс! Еліміздің Астанасы қай қала?

Балалар Астана қаласында не бар?

Балалар: Астана қаласында Бәйтерек бар!

Тәрбиеші: Дұрыс! Бәйтерек бар, ол біздің елдің символы. Біз Астана қаласымен мақтана аламыз. Тәуелсіз елде тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Әрине ол Тәуелсіздігіміздің арқасында.

-Балалар еліміздің рәміздерін есімізге түсіріп жіберейікші

Балалар: Ту, Елтаңба, Әнұран

Дидактикалық ойын: «Дұрыс орналастыр»

Міндетті:Үлгі суретке қарап,дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру. **Балалар:**Алақай! Менің туым дайын болды деп балалар хормен айтады.

Көк аспанда көкпеңбек

Қазақстан жалауы.

Тәрбиеші: Сонымен балалар біздер бүгінгі әңгіміміз Отанымыз Қазақстан туралы, Қазақстан Республикасының рәміздері жайлы әңгімелестік.

Біз тәуелсіз елде тыныш өмір сүріп жатырмыз.

Аспанымызда әрдайым күніміз жарқырап тұрсын деген ниетпен бәріміз бірге тақтаға шуақты күнмен бүркітті бейнесін жапсырайық.

Тәуелсіз елде тату-тәтті өмір сүрейік деген ниетпен бүгінгі оқу қызметімізді «Тәуелсіз ел ұраны»өлеңімен аяқтаймыз.

Сейтова Гулжан Замангелдиновна
Даярлық сынып тәрбиешісі, педагог-модератор
"Абай атындағы орта мектебі" КММ
ШҚО, Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЛАТФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жұмыстың мақсаты: жасанды интеллект платформалардың көмегімен әзірленген оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған стратегияларды көрсету. Педагогтер өз іс-тәжірибеле-рінде ЖИ-дың берген көмегін тиімді пайдаланып, қолдана алады.

Жұмыстың өзектілігі: Қазіргі әлемде ЖИ маңызды құралға айналды.

Ақпаратты өңдеу, оқушылардың дағдыларын қалыптастыруға жұмыс жасайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Ұйымдастырылған іс-әрекет: «Сөйлеуді дамыту» бойынша берілген тақырыптар өзіндік мазмұнымен ерекшеленеді.

Міндеттері:

- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;
- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге,өз пікірін айтуға үйрету;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;
- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;
- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып,тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау.

Тақырып: «Күз бояуы»

Сабақ мақсаты:

оқушылар күз мезгілінің ерекшеліктерін сипаттап, сөйлем құрастырады және өз ойларын ауызша еркін жеткізеді.

Canva Жасанды интеллекттің көмегімен берілген көрнекі құрал:



Тапсырма:

1. Сипаттап сөйлеу

Берілген суретке қарап, күздің бояуларын сипатта.

Мысалы: «Ағаштардың жапырақтары қандай түске боялған? Ауа райы қандай?»

2. Сұрақ-жауап ойыны

Мұғалім сұрақ қояды, оқушы жауап береді:

Күзде ағаштар қалай өзгереді?

Күзде ауа райы қандай болады?

Сен күзді ұнатасың ба? Неліктен?

3. Шығармашылық әңгімелеу

"Егер мен суретші болсам, күзді осылай салар едім..." тақырыбында шағын әңгіме құрастыр.

4. Диалог құру

Екі оқушы күз туралы қысқа диалог құрады.

Мысалы:

– Сен күзде қай түсті жақсы көресің?

– Мен сары түсті ұнатамын. Өйткені...

5. Мақал-мәтел қолдану

Күз туралы мақал-мәтел айтып, мағынасын түсіндір.

Мысалы: «Күз – береке мезгілі».

Тақырып: «Судың да сұрауы бар»

Сабақ мақсаты:

Оқушыларға су – табиғаттың ең қымбат байлығы екенін түсіндіру, суды үнемдеуге, қадірлеуге тәрбиелеу және тақырып бойынша сөйлеу, ой қорыту дағдыларын дамыту.

PiktoChart Жасанды интеллекттің көмегімен берілген көрнекі құрал:



Тапсырма:

1. Сурет бойынша әңгімелеу

Мұғалім суға байланысты суреттер көрсетеді (өзен, бұлақ, құдық, жаңбыр, адамдар су ішіп жатыр).

Оқушы: «Бұл суретте не көріп тұрсың? Су адамдарға не үшін керек?» – деп әңгімелейді.

2. Сөйлемді жалғастыр

«Сусыз адам...», «Сусыз жер...», «Суды үнемдеу үшін...»

3. Сұрақ-жауап ойыны

Суды біз қайдан аламыз?

Суды қайда пайдаланамыз?

Суды қалай үнемдеуге болады?

4. Топтық тапсырма

Әр топқа қысқа тапсырма беріледі:

1-топ: Судың пайдасын айт.

2-топ: Суды ысырап етпеу жолдарын айт.

3-топ: "Судың да сұрауы бар" мақалының мәнін түсіндір.

5. Шығармашылық жұмыс

"Егер жер бетінде су болмаса..." деген тақырыпта қысқа әңгіме құрастыр.

Су тамшысын бейнелеп сурет сал да, әңгімелеп бер.

6. Қимылды ойын

Мұғалім «Су керек» деп айтқанда, балалар суды қайда пайдаланатынын қимылмен көрсетеді (ішу – қолын аузына апару, жуу – бетін сипау, гүл суару – қолмен құйып көрсету).

Тақырып: «Қасқыр мен түлкі.(Ертегі)**»**

Сабақ мақсаты:

Сөйлеу дағдысы – ертегі кейіпкерлерін сипаттап айту, өз ойын ауызша жеткізу: қасқыр мен түлкінің іс-әрекеттерін салыстыру, қорытынды жасау; адал, еңбекқор болуға, алдап-арбаудан аулақ болуға үйрету.

Жасанды интеллекттің көмегімен берілген көрнекі құрал:



Тапсырма:

Сөйлеу дағдысын дамыту тапсырмалары

1. Ертегіні әңгімелеу

Ертегіні оқып болған соң, оқушы өз сөздерімен қысқаша мазмұнын айтады."Ертегіде алдымен не болды? Одан кейін ше? Соңында қалай аяқталды?"

2. Кейіпкерді сипаттау

Қасқырды сипатта: ол қандай?

Түлкіні сипатта: ол қандай?

Қай кейіпкер саған ұнады? Неліктен?

3. Сұрақ-жауап

Қасқыр қандай қателік жасады?

Түлкі неге қасқырды алдады?

Бұл ертегіден қандай ғибрат алуға болады?

4. Диалог құру

Екі оқушы қасқыр мен түлкінің сөзін ойнап көрсетеді.

Мысалы:

– Түлкі, сен не істеп жүрсің?
– Мен тоғайдан тамақ іздеп жүрмін...
5. Салыстыру
Қасқыр мен түлкіні салыстыр:
"Қасқыр – күшті, бірақ аңқау. Түлкі – әлсіз, бірақ айлакер".
Тақырып: «Ас атасы-нан»
Сабақ мақсаты:
нан туралы мақал-мәтелдер, тыйым сөздер айтып, сөздік қорын байытады; өз ойын ауызша жеткізе алады.
InfogramЖасанды интеллекттің көмегімен берілген көрнекі құрал:



Тапсырма:
Сөйлеу бойынша тапсырмалар
1. Сурет бойынша әңгімелеу
Нан, егін, диқаншылардың еңбегін көрсететін суреттер беріледі.
Сұрақтар:
– Бұл суретте не көріп тұрсың?
– Нан қайдан келеді?
– Диқаншылардың еңбегі қандай?
2. Сөйлемді жалғастыр
"Нан – адамға..."
"Нанды қадірлеу керек, өйткені..."
"Нан болмаса..."
3. Сұрақ-жауап ойыны
Нанды неге "ас атасы" деп айтамыз?
Нанды қалай үнемдеу керек?
Нанды дастарқанға қалай қою керек?
4. Мақал-мәтел айту
"Ас атасы – нан."
"Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті."
Балалардан мақалдың мағынасын түсіндіріп айту.
5. Рөлдік тапсырма
Бір оқушы диқан, екіншісі – наубайшы, үшіншісі – дүкенші рөлінде сөйлейді. Әрқайсысы: "Менің еңбегімсіз нан болмайды, өйткені..." деп әңгімелейді.
Қорытынды:
Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. **Мақсаты** балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен,салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру болып табылады.

Мергенбаева Айслу Халыковна
Информатика пәнінің мұғалімі, магистр, педагог-зерттеуші
№23 жалпы орта білім беретін мектеп
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

"ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ"

Аннотация. *Мақалада жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын оқу процесіне енгізудің маңыздылығы, мүмкіндіктері мен қиындықтары ғылыми-публицистикалық тұрғыдан қарастырылады. XXI ғасырдағы білім беру саласы жаңа цифрлық экожүйеге бейімделіп, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа формалары қалыптасуда. Осы үдерісте жасанды интеллект адамның когнитивті қабілеттерін кеңейтіп, оқу материалының қолжетімділігін арттырып, білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мақалада жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөлі, оның оқыту әдістемесіне, бағалау жүйесіне және жеке тұлғаның дамуына әсері талданады. Сонымен қатар ЖИ-ді оқу процесіне енгізудің этикалық және педагогикалық аспектілері талқыланады.*

Кілт сөздер: *жасанды интеллект, цифрлық педагогика, білім беру, оқу процесі, инновациялық технологиялар, интеллектуалды жүйелер, деректерді талдау.*

Жаһандану дәуірінде білім беру жүйесінің басты мақсаты – ақпараттық қоғам талаптарына бейімделген, сын тұрғысынан ойлай алатын, деректермен жұмыс істей білетін, технологиялық сауатты тұлғаны қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект (ЖИ) ұғымы тек ғылыми-техникалық прогрестің жемісі ғана емес, сонымен қатар білім беру парадигмасын түбегейлі өзгертетін құбылыс ретінде қарастырылады. Информатика пәнінің мазмұны мен әдістемесі де осы өзгерістердің алдыңғы қатарында тұр. Себебі информатика пәні цифрлық әлемнің логикасын түсінудің және жаңа технологиялармен жұмыс істеудің негізін қалайды. Ал жасанды интеллект осы пәннің табиғи жалғасы іспетті, себебі ол адам ойлауын модельдеу арқылы оқытудың жаңа әдістерін ұсынады.

Жасанды интеллект технологияларының оқу процесіне интеграциялануы – бұл жай ғана жаңа құралдарды енгізу емес, ол педагогикалық философияның, мұғалім рөлінің және білім беру мазмұнының қайта қаралуы. Бұрын мұғалім білімнің басты көзі саналса, бүгінде ол бағыттаушы, модератор, тьютор рөлін атқарады. Ал жасанды интеллект оның көмекшісіне айналып, жеке оқушылардың қабілеттеріне, оқу қарқынына және қызығушылығына қарай бейімделген білім беру ортасын қалыптастырады. Мысалы, ChatGPT, Copilot, Jasper сияқты тілдік модельдер оқушылардың сұрақтарына жедел жауап беріп, күрделі ұғымдарды түсіндіруге, тест құрастыруға немесе реферат жазуға жәрдемдеседі. Мұндай мүмкіндіктер оқыту процесін жекешелендіріп, оқушылардың өзіндік ізденісін арттырады.

ЖИ негізіндегі жүйелердің бір артықшылығы – үлкен көлемдегі деректерді талдай отырып, оқушылардың үлгеріміндегі заңдылықтарды анықтау қабілеті. Бұл мұғалімге оқыту стратегиясын түзетуге, әлсіз және күшті тұстарды айқындауға, жеке траектория ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, білім беру платформаларындағы аналитикалық модульдер арқылы оқушылардың үй тапсырмаларын орындау жиілігі мен сапасын бақылап, олардың мотивациясын бағалауға болады. Осылайша, деректерге негізделген оқыту (data-driven learning) жаңа педагогикалық бағытқа айналып келеді.

Алайда жасанды интеллектті оқу процесіне енгізу бірқатар этикалық және әдістемелік мәселелерді де тудырады. Біріншіден, ЖИ арқылы алынған ақпараттың шынайылығы мен сенімділігі әрқашан жоғары бола бермейді. Бұл жерде мұғалімнің сыни ойлауы мен ақпаратты саралау қабілеті ерекше маңызды. Екіншіден, оқушылардың дербестігі мен шығармашылық ойлауын сақтау мәселесі туындайды. Егер оқушы барлық тапсырманы ЖИ арқылы орындаса,

оның өзіндік талдау және ой түю дағдылары бәсеңдейді. Сондықтан мұғалім ЖИ-ді толық алмастырушы емес, көмекші құрал ретінде пайдалануды үйретуі қажет.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектті қолдану – оқыту әдістемесін жаңғыртудың тиімді жолы. Ол дәстүрлі сабақ құрылымын өзгертіп, оқушыларды белсенді әрекетке тартуға, зерттеу және жобалық жұмыстарға қатыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, информатика сабағында оқушылар жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін қарапайым чатбот жасап, алгоритм логикасын практикалық тұрғыдан түсіне алады. Мұндай жобалар пәнге деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды дамытады.

Сонымен қатар жасанды интеллект бағалау жүйесін жетілдіруге де ықпал етеді. Қазіргі таңда автоматты тексеру жүйелері эсселерді, тесттерді, кодтарды бағалай алады. Бұл мұғалім уақытын үнемдеп қана қоймай, объективтілікті арттырады. Алайда мұндай жүйелерді қолданғанда оқушының тұлғалық ерекшелігі мен эмоционалды дамуын ескеретін адам факторы әлі де маңызды болып қала береді. Өйткені білім беру тек ақпарат беру емес, ол – адамгершілік, мәдени және әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыру процесі.

ЖИ енгізу мәселесінде инфрақұрылым мен мұғалімдердің дайындық деңгейі де басты рөл атқарады. Қазақстандағы мектептер мен колледждерде жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану үшін алдымен мұғалімдерді цифрлық сауаттылыққа үйрету қажет. Бұл бағытта цифрлық педагогика курстары, IT-компетенциялар бойынша тренингтер және тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылуы тиіс. Мұғалім ЖИ құралдарын қолдануды меңгергенде ғана оны оқу үдерісінде тиімді пайдалана алады.

Сонымен қатар жасанды интеллектті енгізуде қауіпсіздік пен жеке деректерді қорғау мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Оқушылардың оқу жетістіктері, жеке ақпараттары, мінез-құлық талдауы сияқты деректердің барлығы қорғалған болуы тиіс. Бұл тұрғыда мемлекеттік деңгейде цифрлық этика мен жасанды интеллектті пайдаланудың құқықтық негіздерін жетілдіру маңызды.

Білім беру саласындағы инновация тек технологиялық жетістіктермен емес, адами құндылықтармен үйлескенде ғана нәтижелі болмақ. Жасанды интеллект мұғалімнің орнын алмастырмайды, қайта оның кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ол оқушыларға жеке көмек көрсетуге, әртүрлі оқу стильдеріне бейімделуге, оқыту сапасын арттыруға септігін тигізеді. Информатика пәнінің мұғалімдері осы үдерістің алдыңғы қатарында болып, жаңа технологияларды жауапкершілікпен және педагогикалық парасатпен пайдалану арқылы білім сапасын жаңа деңгейге көтере алады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллектті оқу процесіне интеграциялау – білім берудің болашағына апарар стратегиялық бағыт. Ол тек ақпараттық жүйелердің дамуы ғана емес, адамның өзін-өзі тануы мен жетілдіруіне жол ашады. Мұғалім мен жасанды интеллект арасындағы серіктестік – білім беру эволюциясының жаңа кезеңі. Сондықтан әрбір информатика пәні мұғалімі технологияны құрал ретінде ғана емес, оқу мәдениетін жаңартудың тетігі ретінде қабылдауы тиіс. Осылайша, жасанды интеллект пен адам ақылының үйлесімі – заманауи білімнің басты кілтіне айналмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Russell, S., Norvig, P. Artificial Intelligence: A Modern Approach. – 4th ed. – Pearson, 2022.
2. UNESCO. AI and Education: Guidance for Policy-makers. – Paris: UNESCO Publishing, 2021.
3. Бейсенова Г. Цифрлық педагогика және жасанды интеллект. – Алматы: «Фолиант», 2023.

Муратова Жанар Каскирбаевна
Бастауыш сынып мұғалімі
«№10 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы



СОҚПАҚ. ДАУЫСТЫ ЖӘНЕ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Бөлім:	**Дыбыс және әріп**	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 1	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Соқпақ /** Дауысты және дауыссыз дыбыстар	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	1. 2. 5. 1. мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру. 1. 2. 8. 2. дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну;	
Сабақ мақсаты	• мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қояды, сұраққа жауап береді; • дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады; • дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін біледі;	
Құндылықтар	Заң және тәртіп айы. Мектеп тәртібін сақтайды.Сыныпта отыру тәртібін біледі.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 7 минут	**Ынтымақтастық атмосферасын** қалыптастыру **-Мұғалім:** - Әрбір адам.....(Досың, бауырың!) - Әрбір сабақ....(-Оқу, іздену, білу!) -Әрбір ісің... (Талап, еңбек, үйрену!) -Әрбір сөзің ..(Шындық,бірлік адалдық!) **Өткен сабаққа шолу, жаңа сабаққа кіріспе- «333» әдісімен** (Әр топтан бір- бір оқушы шығады ,тапсырманы орындап өз топтарына ұпай апарады) -Әріпті..... көреміз, жазамыз,оқимыз -Дыбысты..... айтамыз, естиміз,тыңдаймыз - Дыбыстар нешеге бөлінеді? (екіге) -Дауысты дыбыстарды атаңдар. -Дауыссыз дыбыстарды атаңдар.- Дыбыстарды қалай ажыратамыз?	Хормен жауап береді Сұрақтарға жауап береді.	Оқушылар жауабын толықтырып, әр қайсысына тиімді кері байланыс беріп отыру. 	

	-Ендеше бүгін біз сол дыбыстар туралы сабағымызды жалғастырамыз Сабақ тақырыбын таныстыру. Сабақ мақсатын хабарлау.			
Сабақтың ортасы 33 минут	**(Ұ)1- тапсырма. «Шынжыр» әдісімен** Тыңдалым, айтылым, оқылым. **1-жаттығу**. -Мәтінді оқыңдар. -Мәтін не туралы? -Бала не істеді? -Бала жүрген іздің басқаларға пайдасы тиді ме? **2-тапсырма: Ж.Ж** Дыбыстық талдау жасау. **-Мектеп, балада,соқпақ** сөздеріне жұптармен дыбыстық талдау жасаңдар **3 тапсырма: Анықтамамен жұмыс. «Аққала жасау» ойынымен дыбыстар еліне саяхат** Қорытынды : - Дұрыс айтыппыз ба?Тақтаға қарайықшы- Дауысты дыбыстар: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, и, (у). Дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ. -Керемет! Дыбыстарды ажырата алады екенбіз. **4 тапсырма:** . **«Сиқырлы қалам» әдісімен Жазылым. Дәптермен жұмыс 2-жаттығу**. -Жаңылтпашты көркем жазыңдар. *Қар аппақ,* *Дала аппақ,* *Бәрі аппақ.* **Сергіту сәтінде «Нерожаттығу» ойынын ойнатады.** **5 тапсырма: «Мозайка» әдісімен суреттерді жинақтап,мәтін құрайды**  **6 тапсырма: «Ғажайып ақ парақ» ойыны Т.Ж** **1 топ:** Дауысты дыбыстарды **2 топ:**Дауыссыз дыбыстарды **3 топ:** Дауысты да, дауыссыз да болатын дыбысты жазады және сол дыбысқа байланысты сөздерді жазады	Мәтінді оқиды. Сұрақтарға толық сөйлеммен жауап береді. Дыбыстық талдау жасайды Дауысты дыбыстарды атайды. Ойынға қатысады. Партада дұрыс отырады. Қаламды дұрыс ұстайды. Көркем жазады. Мәтін құрап айтады.	**Дескриптор:** Сұраққа жауап береді, мәтінді тұтас оқиды - «Жарайсың!». Сұраққа жауап береді, мәтінді буындап оқиды-«Жақсы!». Сұраққа жауап беруде қателеседі, мәтінді оқуда қиналады-«Талпын!». **Дескриптор:** Дыбыстарды дұрыс тез ажыратып атай алады - «Жарайсың!». Дыбыстарды ажыратуда аздап қиналады -«Жақсы!». **Дескриптор:** Талапқа сай сауатты жазады- «Жарайсың!». Сөйлемді аздаған қателермен жазады-«Жақсы!». Жазуда өрескел қателер жібереді - «Талпын!». **Дескриптор:** Суретті тез құрастырып,мәтін құрайды - «Жарайсың!». Суретті тез құрастырып,мәтін құруда аздап қиналады -«Жақсы!» **Дескриптор:** Дыбыстарды дұрыс тез ажыратып атай алады - «Жарайсың!». Дыбыстарды ажыратуда аздап қиналады -«Жақсы!».	«Ана тілі» оқулығы 1 сынып 2021ж Сюжетті сурет 12-13-бет №1 ана тілі дәптері
Сабақтың соңы 7 минут	**Кері байланыс: «Блум текшесі»** **1.Бүгін сен не үйрендің ?** **2.Сабақта саған не қиын болды?** **3. Қиын болған кезеңнің себебі?** **4.Сабақ саған ұнады ма?** **5.Қай кезеңде досыңа көмек бер алдың ?** **6.Қай кезең қызық болды?**	Сабақтан түйген ой-пікірін айтады.		

Сапарова Сауле Амангельдиновна
Химия пәні мұғалімі

«М.Мақатаев атындағы №140 гимназия» ШЖҚ МКК
Алматы қаласы, Бостандық ауданы



ХИМИЯ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ: STEM, STEAM, STREAM ӘЛЕМІНДЕ

Бүгінгі білім кеңістігі күн сайын түрленіп, жаңа идеялар мен технологиялар тоғысып жатқан ерекше ортаға айналды. Уақыт талабына сай мұғалім тек білім беруші ғана емес, оқушыны зерттеуші, ойшыл және жаңашыл тұлға ретінде тәрбиелеуші. Осы тұрғыда соңғы жылдары жиі айтылып жүрген үш бағыт – STEM, STEAM және STREAM – білім беру жүйесіне жаңа серпін беріп отыр.

Ғылымға жол ашқан жүйе, STEM – бұл Science, Technology, Engineering, Mathematics сөздерінің бірігуінен құралған ұғым. Ол оқушының ғылыми ойлауын дамытып, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге бағытталған. Химия пәні – осы жүйенің жүрегі іспетті. Себебі әрбір химиялық реакция, әрбір формула – логика мен тәжірибенің көрінісі.



Мысалы, оқушылар «Металдардың коррозиясы» тақырыбын зерттей отырып, тек теориялық білім алып қана қоймай, инженерлік тұрғыдан оның алдын алу жолдарын да ұсына алады. Бұл – ғылым мен технологияның шынайы тоғысы.

STEAM - ғылым мен өнердің үйлесімі. Уақыт өте келе STEM бағытына Art – яғни өнер элементі қосылып, STEAM ұғымы пайда болды. Өнер ғылымды адам жанына жақын, тартымды әрі әсерлі етеді. Химия сабағында бұл бағытты жүзеге асырудың тамаша жолдары бар. Мысалы, оқушылар молекулалардың құрылымын түрлі түсті материалдармен бейнелей алады. Химиялық реакцияларды театрландырылған көрініс арқылы көрсетеді. Периодтық жүйенің элементтерін бейнелеу өнері мен дизайнмен байланыстырады.

Мұндай сабақтарда оқушы өз ойын еркін жеткізеді, ал ғылым шығармашылықпен үйлесіп, терең әсер қалдырады.

STREAM - оқуға негізделген зерттеу мәдениеті. STREAM бағыты – Reading компонентін қосу арқылы тілдік және зерттеу мәдениетін қалыптастырады. Химия сабақтарында бұл тәсілді қолдану арқылы оқушылар ғылыми мәтіндермен жұмыс істеуге, деректерді талдауға

және өз ойын ғылыми тілде жеткізуге дағдыланады.Мысалы, «Ауа құрамындағы газдар» тақырыбында оқушылар зерттеу жасап, нәтижесін шағын ғылыми мақала ретінде ұсынуы мүмкін. Бұл – оқушыны жас зерттеуші деңгейіне көтеретін маңызды қадам.



Қорытынды айтқанда, химия – өмірдің өзі. Ал STEM, STEAM, STREAM тәсілдері – сол өмірдің ғылыммен, өнермен және сөзбен өрілген көркем бейнесі. Бұл бағыттар арқылы біз оқушыларды тек формулалар мен реакцияларды жаттатпай, оларды ойлай білетін, сезіне алатын, жасай алатын тұлға ретінде қалыптастырамыз.

Болашақтың зертханасында да, өнер сахнасында да табысты бола алатын ұрпақ тәрбиелеудің ең сенімді жолы – осында. 2025 жылдың 27 қыркүйегі мен 2025 жылдың 1 қазаны аралығында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мұғалімдерін каскадты оқыту бағдарламасы аясында ШЖҚ «М.Мақатаев атындағы №140 гимназия» МКК мұғалімдеріне «STEM-ге кіріспе. Ғылыми – жаратылыстану бағытындағы пәндерге интердисциплинарлық тәсілді енгізудің құралдары мен әдістері» тақырыбында бес күндік семинар өтті. Мұғалімдер STEM нұсқауымен танысты. Семинар ұйымдастырудағы мақсат орындалды: қатысушылар интеграцияланған STEM сабақтарын өту арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытудың тиімді тәсілдерін үйренді.



Семинардың ерекшелігі: STEM бағдарламасы туралы көлемді ақпарат берілді. Білім беру үдерісіне STEM интеграциясының нақты мысалдары ұсынылды, сонымен қатар үш елдің: Жапония. Оңтүстік Корея және Сингапурдың білім беру жүйесіне салыстырмалы талдау жасалды.

STEM білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың сыни ойлауын бағалаудың принциптері және құралдары таныстырылды. Семинарға қатысушылар функционалдық сауаттылықты қалыптастыра отырып, STEM сабақтарын жобалау барысында кешенді дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеуге ерекше назар аударды.

Рысбаев Ринат[1], дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Омарова Назгүл[1], бастауыш сынып мұғалімі
[1]«М.Мақатаев атындағы №140 гимназия» ШЖҚ МКК
Алматы қаласы, Бостандық ауданы

МАХАББАТ МЕКЕНІ

Ғашықпын!
Шын ғашықпын сол адамға!
Мен болмасам, болмайын. Сол аман ба?
О, тәңірім! Неткен жан қайрылмайтын!
Жүрегі еттен бе әлде қоладан ба?!

Ғашықпын.
Қайтіп оны жасыра алам,
Бір алтын оның әр тал шашы маған.
Сағынайын, таусыла сағынайын,

Сағынышқа жаралған ғашық адам – деп, ақиық ақын М.Мақатаев жырлап өткен туындыларын бала күннен оқып, өлеңдерімен сусындап өстік.

Араға жылдар салып жас маман болып сәйкестік пе, әлде бір тылсым күш пе, дәл осы ақиық ақынның атындағы гимназияда ұстаздық жолымызды бастау бұйырған екен. Иә, ұстаз болу - бұл Тәңірден берілетін ең қымбат әрі құнды жауапкершілікпен атқарылатын қызмет. Сол ұстаздық жолды әдемі естеліктермен толықтыра жүріп, өзіміздің өмірлік серігімізді де дәл осы киелі шаңырақтан кездестіру ғажайып емес пе?! Ақын, сірә, өз өлеңдерінде махаббатты сөз жетпестей суреттеп өткендігінен бе, әлде, махаббаттың соншалықты құдыреттілігі ме осы шаңырақта алғашқы сезім ұшқындары пайда болып, бір-бірімізді толықтыра түскендейміз. 2017 жылдың күзінде басталған сол бір ұшқын уақыт өте келе ұжым алдында жұбайымның маған сезімін ашық білдіріп «140-тың тақтасы мен партасы екеумізді кездестірді. Енді мен сенің өмірлік серігің болғым келеді. Маған тұрмысқа шығасың ба?» деген Ринат менің жүрегімнің төрінен орын алып, барша ұжым алдында «Иә!» - деп жауап бергенім әлі есімде. Әріптестеріміздің сол сәтте біз үшін тілекші болғандары бізді одан әрі махаббаттың биігіне жетеледі.

Міне, біз сол күннен бастап жұппыз, қазіргі таңда отбасылы болып, ұл мен қыз тәрбиелеп отырмыз. Біз ұжымдағы бас қосқан үшінші жұп едік. Бізге дейін ұстаз жұптардың шеруін бастаған - Ерік ағайымыз бен Ғалия апайымыз. Бұл кісілер қазіргі таңда үлгілі, өнегелі отбасы болып, өз қызметтерін жоғарғы оқу орындарында жалғастырып жатыр.



Араға уақыт салып сол уақыттағы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Талғар Талғатұлы мен психолог Меруерт Дәулетқызының арасында да махаббат ұшқыны пайда болған екен. Екінші жұбымыз да бірін-бірі сөзсіз түсініп отбасылы болуға бел буып, қазіргі таңда олар көпбалалы әке-ана, Талғар ағай Алматыдағы бір мектептің басшысы болып, бізге өнегелі отбасы үлгісін көрсетуде. Біздің жұп болып кездесіп жүрген сәтімізде жанымызда жүрген достарымыз Азамат пен Гүлшаттың арасында да сезім алауы пайда болып, үлкен өмірге қадам басып, қазіргі таңда 3 баланың ата-анасы.





Жұмыспен қатар жүріп, өз серігіңді кездестіру деген бір керемет тосынсый іспетті. Дәл осылай біздің қатарды тарих пәнінің мұғалімі, қазіргі таңда ҚББЖТҒӘ орталығының басшысы Дәурен Наурызбайұлы мен гимназиямыздың қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Нұрила Қанатқызының сезімдеріне куәгер болдық, бас қосты, үлгілі, өнегелі отбасы, ұл мен қыздың ата-анасы болып, қазіргі таңда «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-та білімдерін жалғастыруда! Нұрила - гимназиямыздың 2015 жығы түлегі.



Дәл осы жұппен қатар математика пәнінің мұғалімі Бауыржан мен ағылшын тілінің мұғалімі Асем Жанатқызының өзара бір-бірін түсініп, бас қосып, екі баланың ата-анасы атанып, қазіргі таңда Италия мемлекетінде білімдерін жетілдіруде. Осылайша уақыт өте біздің қатар толығып, қуанышымыз көбейіп жатты.





Гимназиямыздан отбасылы 15 жұп шыққан екен. Бірқатарын жоғарыда атап өттік. Сол қатарды Бекзат пен Фариза, Біржан мен Асылай, Ерболат пен Рыскүл, Заңғар мен Асем, Мирас пен Зәмзәгүл, Бексұлтан мен Мадина, Ермек пен Нұрайым, Мұрат пен Ақару, Бекжан мен Гүлназ сынды әдемі жұптарымыз жалғастырды. Жұптарымыздың бәрі қоғамда өзіндік орындарын тауып, әке-ана атанып, қызметтерін жалғастыруда.





Әлі де өзіміз сияқты ұстаз жұптар мектеп қабырғасында танысып, табысып, үлкен өмірге қадам басатындарына сеніміміз мол. Басшымыз біздің осылай бір-бірімізді тауып, жұмыспен қатар жүректеріміздің үндескеніне шексіз ризашылығын білдіріп, анамыздай қуанып, ақ батасын беріп, өмірлік ақылын айтып біздің тілекшіміз болуда. Әр жақсылығымыз бен қуанышымызда балаша қуанып, керек сәтте жол сілтейтін «Алыстан арбаламай, жақыннан дорбаландар» деп әр жұптың қосылуына бірден-бір себепші болған Сәния апайға айтар алғысымыз бен ризашылығымыз шексіз. Мектепке баламызды ерте келген сәтте апайымыздың «тиын тағып» көрімдігін, сүйіншісін беріп жататындығы өз алдына жеке бір әңгіме. Осынау киелі мекенде, махаббатты жырлап өткен ақиық ақынның атына берілген қара шаңырақта бас қосқан біздің де басымызда «бес елі бақ бар» деп есептейміз. Бұл кездейсоқтық емес, бұл тағдырдың бізге арнап дайындаған ең керемет тосынсыйы. Өзімізден кейін де әлі де талай жұптардың шығатына сеніміміз мол. Әріптестік махаббатқа сеніңіздер, бір салада қызмет ете жүріп, өмірлік серігіңді сөзсіз түсіну бұл ғажап.




Тағы бір ерекше қуана айтатын ерекшелік - гимназиямыздағы кешегі шәкірттердің бүгінде үзеңгілес әріптестеріміз болып қызмет атқаруында. Атап айтар болсақ, Заңғар Нұрсәбитұлы, Нұрила Қанатқызы, Балнұр Ғалымқызы, Бибісара Тәшкенбайқызы, Жанайым Алтынбекқызы, Әбдіманап Дана. Шәкірттердің өз алтын ұя мектебіне келіп, мұғалімдік жұмысты жалғастыру да зор қуаныш.

№140 гимназияны бітірген түлектер - қазіргі таңда гимназиямыздың жанашыр ата-аналары. Осындай үйлесімділік бар ортада, сыйластықтың, құрметтің болуы айдан анық. Әлбетте, біздердің де ұл-қыздарымыз гимназиямыздың болашақ шәкірттері болатыны сөзсіз.

Оралбаев Айтжан Досмахович
Дене шынықтыру пән мұғалімі
Б.Қосынов атындағы орта мектеп
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Әйтей ауылы



ФУТБОЛ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ ЕПТІЛІКТІ ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі таңда дене шынықтыру мен спорт адамның жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Әсіресе мектеп жасындағы жастардың физикалық және психологиялық қабілеттерін қалыптастыруда футбол ойыны ерекше орын алады. Футбол – тек спорт түрі ғана емес, ол ептілік, жылдамдық, төзімділік пен топтық бірлікті дамытуға мүмкіндік беретін тиімді жаттығу жүйесі. Футбол ойыны бүкіл әлемдік қызығушылығы жоғары ойын болып табылады. Еліміздің футбол ойынындағы жетістіктер жасөспірімдердің қызығушылығына игі ықпалын тигізді.

Ептілік — адамның қозғалысты тез және дәл орындау, өзгеріп жатқан жағдайға бейімделу қабілеті. Футбол ойыны кезінде ойыншы әр сәтте бағытын, жылдамдығын және шешімін тез өзгертуге мәжбүр болады. Сондықтан футбол – ептілікті дамытудың ең тиімді құралдарының бірі.

Футболдағы ептілікті дамыту келесі әдістер арқылы жүзеге асады:

1. Доппен жүргізу (дриблинг) – ойыншының қозғалыс кезінде допты бақылауда ұстай білуін қалыптастырады. Бұл әдіс ептілік пен үйлесімділік қабілетін дамытады.

2. Бағытты тез өзгерту жаттығулары – футболшының дене қозғалысын жылдам ауыстыру, қарсыластан айналып өту, кенеттен тоқтау және қайта қозғалу қабілетін арттырады.

3. Эстафеталық және ойын түріндегі жаттығулар – оқушыларды қызықтыра отырып, қозғалыс реакциясын және жылдам ойлау қабілетін дамытады.

4. Жарыс жағдайындағы жаттығулар – ойын барысында оқушылардың психологиялық тұрақтылығын, шешім қабылдау шапшаңдығын және командалық үйлесімділігін қалыптастырады.

Футбол ойынының басты ерекшелігі – оның ұжымдық сипаты. Командадағы әрбір ойыншының ептілігі мен қимыл дәлдігі жалпы нәтижеге әсер етеді. Осы арқылы жастар тек дене дайындығын ғана емес, жауапкершілік пен өзара көмек қасиеттерін де дамытады.

Қорыта айтқанда, футбол ойыны – жастардың дене сапаларын жетілдірудің, соның ішінде ептілікті дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Жүйелі түрде футболмен шұғылдану адамның дене қуатын арттырып қана қоймай, мінез-құлқын, тәртіптілігін және ұжыммен жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Сондықтан мектептер мен оқу орындарында футбол сабақтарын жиі өткізу – салауатты ұрпақ тәрбиелеудің маңызды шарты болып табылады.

Хасанов Руслан Бахтиярович
Дене шынықтыру пән мұғалімі
Б.Қосынов атындағы орта мектеп
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Әйтей ауылы



ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ КОМАНДАЛЫҚ РУХ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Волейбол ойынының кіндік кескен ортасы – Американың Гелиоке қаласы. Бұл 1895 жылы болған оқиға еді. Колледж оқытушысы Вильям Морган сабақ кезінде теннис орнын екі сырыққа бойлап жоғары көтеріп қойып, оқушыларға допты екі жаққа допты алма-кезек лақтырып ойнауды көрсетіп, оны оқушылардың да қайталауын талап етеді.

Волейбол — деген сөздің мағынасы “ұшатын доп” 1896 жылы волейбол ойыны көпшілік назарына ұсынылды, ал 1897 жылы бұл ойынның ережесі жасалынды. Волейбол ойынының Европа мемлекетіне таралуы XX ғасырдан басталған. 1967 жылы Чехословакияда тұңғыш рет алғашқы жарыс ұйымдастырылды да, Франция, Румыния, Ауғанстан, Индия, Қытай, Корея, Жапония және Россияда волейбол ойынын қалаушылардың арнайы клубтары ашылды. 1947 жылы халықаралық волейбол федерациясы (ФИВБ) ұйымдастырылды.

Волейбол– біздің халқымыз арасында XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап кең жайыла бастаған ойын. 1947 жылдың 18 мен 20 сәуір аралығында Парижде 14 елдің қатысуымен (Белгия, Бразилия, Мажарстан, Голландия, Мысыр, Италия, Польша, Португалия, Румыния, АҚШ, Уругуай, Франция, Чехословакия және Югославия) Federation Internationale de Volleyball (FIVB — ФИВБ) Халықаралық волейбол федерациясы құрылды. Бұл волейболдың халықаралық деңгейде беделін арттыруға көп септігін тигізді. 80 жылдары ФИВБ-ға мүше болған елдер қатарын 156-ға өсті.

Қазақстанда алғашқы жарыс 1926 жылы Қызылордада ұйымдастырылды. Қазақстан волейболы 20 ғасырдың 60-жылдары жақсы дамыды. Ол спорт шебері, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Октябрь Жарылғаповтың есіміне тікелей байланысты. Оның құрған «Буревестник» ерлер командасы 1969 жылы КСРО-ның, 1970 – 71 жылы Еуропа чемпиондарының кубогін жеңіп алды. Қазақстанда тәрбиеленген Валерий Кравченко, Олег Антропов, Надежда Смолеева 1968 жылы Мексикада өткен 19-Олимпиялық ойындардың, 1969 жылы Жәнібек Саурамбаев Еуропаның чемпионы атанды. Мұндай табысқа 1988 жылы Сеулдегі 26-Олимпиялық ойындарда Ольга Кривошеева, Елена Чебукина, Татьяна Меньшовалар жетті. Алматының АДК әйелдер волейбол командасы 1984 жылы КСРО-ның чемпионы атанды. Волейболшылардың халықаралық одағы 1924 жылы құрылған; 1992 жылдан осы одаққа Қазақстан Республикасының Волейбол федерациясына мүше. Елімізде салауатты өмір салтын ұстану мақсатында мектептегі дене шынықтыру пәнінде, қосымша үйірмелерде волейбол ойыны жасөспірімдердің қызығушылығын арттырып келеді.

Волейбол – тек қана дене шынықтыру сабағының бір бөлігі емес, сонымен қатар тұлғаның әлеуметтік және психологиялық дамуына әсер ететін командалық спорт түрі. Бұл

ойын арқылы оқушылар бір-біріне сенуді, ортақ мақсатқа жету жолында күш біріктіруді және жауапкершілікті сезінуді үйренеді.

Командалық рух – бұл ойыншылардың өзара түсінісуі, бір-біріне қолдау көрсетуі мен жеңіске деген ортақ ұмтылысы. Волейболда әрбір ойыншының рөлі маңызды: біреуі шабуылдайды, біреуі қорғанады, ал енді бірі пас береді. Егер бір ойыншы өз міндетін орындамаса, бүкіл команданың нәтижесіне әсер етеді. Сондықтан әр қатысушы өз әрекетінің ортақ нәтижеге ықпал ететінін түсінеді.

Волейбол ойыны оқушыларды ұжымда жұмыс істеуге, бір-бірінің пікірін тыңдауға, достық пен сыйластыққа тәрбиелейді. Жаттығулар мен жарыстар кезінде балалар өзара қолдау білдіріп, қиын сәттерде серіктесіне көмектесуді үйренеді. Бұл қасиеттер өмірде де, басқа салада да табысты болуға ықпал етеді. Сонымен қатар, волейбол ойыны дене төзімділігін арттырып қана қоймай, психологиялық тұрақтылықты да дамытады. Командалық қарым-қатынас барысында оқушылардың өзіне сенімі артады, ал жеңіс пен жеңілісті бірге өткеру ұжымдық жауапкершілікті қалыптастырады.

Қорытындылай келе, волейбол ойыны – оқушылардың тек физикалық емес, рухани және әлеуметтік тұрғыдан дамуына үлкен ықпал ететін маңызды құрал. Ол ынтымақтастықты, ұйымшылдықты және командалық рухты тәрбиелеудің тиімді әдісі болып табылады.

Макешева Альмира Билимбековна
КГУ "Бакырчикская средняя школа"
Жарминский район поселок Ауэзова, области Абай



«ВОЛШЕБНОЕ ИСКУССТВО – РЕЧЬ»

Аннотация

В статье представлена авторская программа внеурочной деятельности для учащихся 2 класса «Волшебное искусство - речь», направленная на развитие устной и письменной речи младших школьников. Раскрывается значение речи в формировании личности ребёнка, обосновывается необходимость обновления подходов к речевому развитию. Описаны теоретические основы, структура и методические особенности программы, приведён опыт практической реализации.

Развитие речи занимает центральное место в становлении личности ребёнка. Речь формирует мышление, влияет на эмоциональную и нравственную сферу, обеспечивает успешное обучение и взаимодействие с окружающим миром. Однако в современной школьной практике наблюдаются проблемы: ограниченный словарный запас, трудности в формулировании и развернутом изложении мыслей, недостаточное понимание и интерпретация текстов.

Поэтому возникает необходимость поиска новых форм и методов, которые помогут ребёнку почувствовать силу слова, осознать его значение как средства общения и самовыражения.

Данная авторская программа внеурочной деятельности «Волшебное искусство - речь» разработана для учащихся 2 класса и включает 34 занятия. Она создана на основе современных методических подходов к обучению русскому языку и литературному чтению в начальной школе.

Программа имеет образовательно-развивающий характер, направленный на формирование у детей умений устной и письменной речи, развитие словарного запаса, образного и ассоциативного мышления.

Основу программы составляют принципы: деятельностного подхода, где ребёнок выступает активным участником процесса;

Личностно-ориентированного обучения, учитывающего индивидуальные особенности и интересы;

Коммуникативного подхода, направленного на развитие навыков общения.

Особенность курса — интегративность содержания. Темы охватывают разделы лингвистики и литературоведения, соединяя их с элементами театрализации, проектной и исследовательской деятельности. Это позволяет сочетать познание и творчество, развивая у школьников уверенность в речевом самовыражении.

Программа не имеет единого учебника, что обеспечивает её вариативность и гибкость. Материалы подобраны в соответствии с возрастными особенностями учащихся и задачами конкретного занятия.

В рамках курса используются следующие формы и методы работы:

речевые и творческие мастерские;

игровые и театрализованные упражнения;

упражнения на развитие словарного запаса и языкового чутья;

приёмы сторителлинга (создание сказок, мини-историй, рассказов по иллюстрациям);

мини-проекты и исследовательские задания (создание словарей, сбор фразеологизмов, изучение происхождения слов).

Применяются инновационные методы, направленные на развитие ассоциативного мышления, образного восприятия слова, эмоциональной выразительности речи.

Каждое занятие строится в атмосфере сотрудничества и творческого общения. Обязательным элементом урока является «минутка слова» — речевая разминка, во время которой дети подбирают эпитеты, рифмы, выражения, составляют мини-диалоги.

Большое значение имеет чтение и обсуждение текстов. Дети учатся понимать смысл произведения, настроение и чувства героев, передавать их в собственной речи.

В результате занятий учащиеся становятся более активными, уверенными, умеют формулировать мысли, аргументировать, строить диалог.

Через работу со словом ребёнок открывает богатство внутреннего мира, учится мыслить, чувствовать, творить. Именно поэтому развитие речи — одно из важнейших направлений современного образования и воспитания.

Список литературы

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. — М., 1982.

2. Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. — М., 1997.

3. Бунеев Р.Н., Бунеева Е.В. Русский язык в начальной школе: методы и приёмы развития речи. — М., 2020.

Дауренбекова Алмагуль Джестыновна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
“№2 орта мектеп” МКМ
Алматы облысы, Қонаев қаласы



ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІНДЕ

Аннотация. *Бұл мақалада бастауыш сынып оқушылары үшін математика пәнін қызықты әрі тартымды етудің маңызы қарастырылады. Қызықты математикалық есептер мен логикалық тапсырмалар арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту жолдары сипатталады. Сонымен қатар ойын элементтерін енгізу, шығармашылық есептерді қолдану және математикалық жұмбақтар арқылы білім беру үрдісін жандандырудың тиімді әдістері ұсынылады.*

Кілт сөздер: *математика, логикалық есептер, бастауыш сынып, ойын элементтері, қызықты оқыту, шығармашылық ойлау.*

Кішкентай бүлдіршіндер үшін әлем әлі жұмбақ пен сырға толы, ал математика – сол сырды ашудың алғашқы кілті. Сан әлемінің сиқырын меңгеру, оның заңдылықтарын ұғыну бала үшін қызықты да, кейде түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің басты мақсаты – бұл ғылымды оқушыларға қызықты, тартымды әрі жеңіл жолмен түсіндіру. Әр бала үшін сандар, формулалар және есептеулер қарапайым символдар ғана емес, олар – қиял әлеміне апаратын сиқырлы есіктер. Осы есікті аша білу үшін мұғалімнің шеберлігі қажет.

Математика – бұл тек есеп шығару ғана емес, логикалық ойлаудың шыңдалуы, ақылдың ұшқырлығы мен зерденің сергектігі. Кейде оқушыларға қарапайым қосу мен азайту амалдары оңай көрінсе, кейде күрделі ойлауды талап ететін тапсырмалар оларды қызықтыра түседі. Осы орайда, математикалық ойындар мен логикалық есептер бастауыш сынып оқушылары үшін таптырмас құрал болмақ. Бұл тәсіл арқылы баланың ойлау қабілеті артып қана қоймайды, сонымен қатар оның математикаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығы оянады.

Қызықты математика дегеніміз – сандарды жаттату немесе ережелерді құрғақ қайталау емес, керісінше, оқушыны сандық әлемнің қыр-сырына бойлататын ерекше әдіс-тәсілдер жиынтығы. Бала ойын арқылы ойланады, есеп шешу барысында тапқырлығы артады, ал шығармашылық есептер оның қиялын дамытады. Логикалық есептерді шешу арқылы оқушылар салыстыруды, талдауды, қисынды ойлауды үйренеді. Мұндай есептерді сабаққа енгізу мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне байланысты. Егер мұғалім есепті қызықты, жұмбақ түрінде ұсынса, бала оны шешуге ерекше құлшыныспен кіріседі.

Білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Логикалық ойлау – адамның ақпаратты талдау, салыстыру, жүйелеу және қорытынды жасау қабілеті. Бұл қабілетті дамыту арқылы оқушылардың интеллектуалдық деңгейін көтеруге, олардың өз бетімен шешім қабылдауына, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауына жағдай жасауға болады.

Логикалық ойлау қабілетін дамытудың негізгі ерекшелігі – оның әмбебаптығы. Бұл қабілет тек математикалық есептерді шешу барысында ғана емес, сонымен қатар тілдік, табиғаттану, тарих және басқа да пәндерде де маңызды рөл атқарады. Сондықтан мектепте білім беру барысында оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың түрлі әдістерін қарастыру қажет.

Логикалық ойлау қабілетін дамытудың маңызы

Бастауыш сынып кезеңі – баланың ақыл-ой қабілеттерінің қарқынды дамитын шағы. Осы кезеңде логикалық ойлауды дұрыс қалыптастыру оқушының кейінгі оқу жетістіктеріне әсер етеді. Логикалық ойлау қабілеті дамыған бала:

- Ақпаратты талдап, оны белгілі бір жүйеге келтіруге қабілетті болады;
- Қоршаған ортаға сын тұрғысынан қарап, әртүрлі мәселелерге шешім таба алады;
- Ойлау дағдыларын шығармашылық бағытта пайдалана алады;
- Күрделі есептер мен тапсырмаларды шешу барысында стандартты емес шешімдер ұсына алады.

Логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін білім беру үдерісінде түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады. Олардың ішінде төмендегілер аса тиімді болып табылады.

1. Ойын тәсілдері. Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын – негізгі әрекет түрі. Логикалық ойындар арқылы баланың ойлау қабілетін дамытуға болады. Мысалы, «Сөзжұмбақтар», «Жұмбақтар», «Ребустар», «Сандық басқатырғыштар» сияқты ойындар оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың ойлау қабілеттерін шыңдайды.

2. Проблемалық тапсырмалар. Проблемалық тапсырмалар оқушыларды ойлануға және өз бетінше шешім табуға ынталандырады. Мысалы, математика сабағында қарапайым есептерден гөрі, белгілі бір логикалық талдау жасауды қажет ететін тапсырмаларды беру оқушының аналитикалық қабілетін дамытады.

3. Логикалық есептер. Логикалық есептерді сабақ барысында қолдану баланың жүйелі ойлауын жетілдіреді. Бұл есептер көбінесе стандартты емес шешімдерді талап етеді және оқушылардың қызығушылығын оятады. Мысалы, «Қасқыр, ешкі және орамжапырақ» есебі – оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған танымал тапсырмалардың бірі.

4. Интеллектуалдық ойындар мен викториналар. Мұндай ойындар оқушыларды жылдам ойлауға, ақпаратты сараптауға және дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Интеллектуалдық ойындар қатарында «Брейн-ринг», «Логикалық дуэль», «Тапқырлар сайысы» секілді жарыстарды атауға болады.

5. Пәнаралық байланыстарды пайдалану. Логикалық ойлау тек бір пән шеңберінде ғана дамымайды. Оны барлық пәндермен байланыстыра отырып жетілдіруге болады. Мысалы, қазақ тілі сабақтарында оқушыларға логикалық мәні бар сөйлемдерді аяқтауды ұсыну, әдебиет сабақтарында кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне логикалық тұрғыдан баға беру – логикалық ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Логикалық тапсырмалар бастауыш сыныптарда бірнеше бағытта берілуі мүмкін:

1. Сандық және геометриялық заңдылықтарды табу
2. Сөздік-логикалық есептер
3. Шығармашылық тапсырмалар
4. Комбинаторикалық және ықтималдық есептер

Мәселен, логикалық тапсырмалардың бірі – әйгілі "Жеті қарақшы" есебі. "Қараңғы түнде жолаушы адасып қалып, аспанға қарап жол табуға тырысты. Ол аспандағы Жетіқарақшы жұлдызын көріп, өзінің қай бағытқа бара жатқанын анықтады. Осы жұлдыздар тобын анықтау арқылы жолаушы қандай бағытқа қарай қозғалды?" Мұндай есептер баланы логикалық ойлауға, қорытынды жасауға, зерттеушілік қабілетін дамытуға көмектеседі.

Көптеген ғалымдар мен әдіскерлердің пікірінше, балалардың математикалық қабілеттерін дамытуда шығармашылық есептердің маңызы ерекше. Мұндай есептер стандартты әдістермен шешілмейді, оқушыдан тың көзқарас пен ерекше ойлау қабілетін талап етеді. Мысалы, **"Екі әке мен екі бала"** есебі. "Үш адам аңшылықтан қайтып келе жатты:

атасы, әкесі және немересі. Бірақ оларды "екі әке мен екі бала келе жатыр" деп айтады. Бұл қалай болуы мүмкін?" Мұндай тапсырмалар баланы стандартты ойлау шеңберінен шығып, мәселені кеңірек қарастыруға үйретеді.

Ойын – бастауыш сынып оқушысының негізгі іс-әрекеті. Сондықтан математикалық ойындар оқушының білімге деген ынтасын арттырып, оны ойлауға, талдауға, өз бетінше қорытынды жасауға баулиды. "Сиқырлы қап" ойыны – осындай қызықты әдістердің бірі. Мұғалім қапқа түрлі фигуралар салып, оқушылардан оларды сипап сезу арқылы қандай пішін екенін анықтауды сұрайды. Бұл ойын тек математиканы ғана емес, баланың сенсорлық қабілеттерін де дамытады.

Сондай-ақ, "Сандар сырын ашайық" ойыны балаларды сандардың қасиеттерін зерттеуге ынталандырады. Мысалы, "8 санына қандай сөздер сәйкес келеді?" деген сұрақ қойылып, оқушылар шексіздік белгісі, өрмекшінің аяқтарының саны, аққудың бейнесі секілді жауаптар айтады. Мұндай әдістер баланың математиканы тек пән ретінде ғана емес, өмірмен байланыстыра қабылдауына септігін тигізеді.

Оқушының математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін есептерді ертегі желісімен байланыстыру да тиімді әдістердің бірі. Мысалы, "Ертегілер елінде" ойыны барысында мұғалім оқушыларға: "Бір күні ормандағы аңдар жарыс ұйымдастырды. Қоян 3 рет секірді, ал түлкі одан 2 есе көп секірді. Түлкі неше рет секірді?" деген секілді сұрақтар қояды. Оқушы ертегі кейіпкерлерімен бірге есеп шығарып, математикалық ойлау дағдысын дамытады.

Баланың ойлау жүйесін жетілдіретін тағы бір қызықты әдіс – кері есептер құрастыру. Бұл әдіс арқылы оқушы тек дайын есепті шешіп қана қоймай, өздігінен логикалық тапсырмалар құрастырып үйренеді. Мысалы, "Сенің қолыңда 10 алма бар. Досыңа бірнешеуін бердің, ал қолыңда 6 алма қалды. Досыңа неше алма бердің?" деген есептің шешу жолын іздеген бала есепті өз бетімен талдауға үйренеді.

Қорыта айтқанда, математика сабақтарын қызықты ету – бұл мұғалімнің басты мақсаты. Логикалық есептер мен ойын элементтері енгізілген сабақтар тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Кішкентай бүлдіршіндер үшін сандар әлемін зерттеу – бұл тек ережелер мен заңдылықтарды үйрену емес, ақыл-ойды шыңдау, тапқырлықты арттыру, шығармашылық қабілетті дамыту. Егер мұғалім математика сабақтарын қызықты ұйымдастыра білсе, онда әрбір оқушы үшін бұл пән ең сүйікті сабаққа айналары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмаділова Ә.Қ. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2019.

2. Қараев Ж. Қызықты математика. – Алматы: Мектеп, 2018.

"Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Түркістан облысы, Төлеби ауданы



ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Ұсынылып отырған **"Дыбыстар әлеміне саяхат"** авторлық бағдарламасының **өзектілігі** 1-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырудағы дыбыстық талдау мен синтездің негізгі дағдыларын дамытумен тікелей байланысты. Бағдарламаның бастауыш білім берудегі фонетикалық есту қабілетін арттыруға бағытталуы маңызды. Дыбыстық талдау дұрыс оқу мен жазудың негізі болып табылады, әсіресе қазақ тілінің ерекше дыбыстары мен әріптерін меңгеруде бұл әдістеме қажет.

Бағдарламаның негізгі мақсаты: Оқушылардың сөйлеу тілінің дыбыстық жағын, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін ойын түрінде, қызықты саяхат арқылы таныстыру; дыбыс пен әріпті ажырату, сөздерді буынға және дыбысқа талдау дағдыларын ерте жастан қалыптастыру.

II. Құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның **құрылымы** 1-сынып оқушыларының назарын аударуға және олардың шаршамауына негізделген: "Дыбыстар әлеміне саяхат" идеясы бүкіл оқу процесін біріктіріп, оқытуды **ойын** түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның негізгі күшті жақтары:

1. **Ойындық сипат:** Бағдарламаның барлық кезеңдері ойын элементтерін, дидактикалық материалдарды және қозғалыс сәттерін (сергіту сәттері) қамтиды. Бұл 6-7 жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттырып, оқуға деген қызығушылығын оятады.

2. **Дыбыстық және әріптік талдауға басымдық:** Фокус баланы механикалық оқуға үйретуден гөрі, дыбыстарды есту, тану және оларды графикалық таңбамен (әріппен) байланыстыру дағдысына қойылған. Бұл қазақ тілінің ерекшелігін ескерген тиімді әдіс.


3. **Көрнекілік пен тәжірибе:** "Саяхат" барысында оқушылар тек тыңдап қана қоймай, дыбыстарды айтуға, талдау сызбаларын жасауға және әртүрлі материалдармен жұмыс істеуге белсенді қатысады.


4. **Тіл дамытуға интеграция:** Дыбыстық талдаумен қатар, баланың сөздік қоры артады, фонематикалық есту қабілеті жақсарады және дұрыс айтылу (орфоэпия) дағдылары қалыптасады.


Қорытынды

Зайтенова Баргида Халмуратовнаның **"Дыбыстар әлеміне саяхат"** авторлық бағдарламасы – 1-сынып оқушыларын оқу сауаттылығына баулудағы табысты, қызықты және жүйелі әдістемелік құрал. Оның ойындық форматы балалардың бастауыш мектепке бейімделуіне оң әсер етеді, сондай-ақ қазақ тілінің фонетикалық негіздерін терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Сөзді оқып, дыбыстық құрамына сәйкес келетін сызбаны тап.








Т дыбысы және әрпі

Сөздерді оқы. Т дыбысы ортасында келетін сөздер қатарын белгіле.

тал, сан, тор
а-та, о-тау, о-тар
ал, тас, лас



Дұрыс отыр. Көркем жаз.



Білімді бекіту тапсырмаларын орында!


Суреттерде не бейнеленген? Құрамында қ дыбысы кездеспейтін сөздерді белгіле.
Дұрыс жауап саны: 2



Сөзді оқып, дыбыстық құрамына сәйкес келетін сызбаны көрсет.



қала



Оқы. Сурет мазмұнына сәйкес келетін сөйлемдер қатарын белгіле.




А-нар, қа-лақ ал. Қар ат.


Қа-нат, ат суар. Ат-тар тау а-сар.
А-нау – ат қо-ра. Қо-ра то-ла ат-тар.

Ы дыбысы және әрпі


Суреттік талдау жасаймыз! Ойлан!Анықта!




Бірге оқиық! Дыбысты оқып, жазып үйренеміз!



Кел, ойланайық! Анықта.Қайсысы артық.



Дұрыс отыр. Көркем жаз.



Білімді бекіту тапсырмаларын орында!

Ы дыбысы және әрпі

Бұл не? Сөз құрамындағы дауысты дыбысты белгіле.

қ
ы
с

Ы дыбысы және әрпі

Сөздерді оқы. Екі буынды сөзді белгіле.

суырлар
қасқыр
арыстан

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Авторы: Т.Қ.Оспанов, Қ.Ә.Өтебаева, Ж.Т.Қайыңбаев, К.Ә.Ерешева,М.В.Маркина.
2. Әліппе 1 сыныпқа арналған «Атамұра» 2008
3. Авторы: Ш.Әуелбаев,Ә.Наурызбаева,Р.Ізғұттынова,А.Құлажанова.
4. Сиқырлы әріптер мен сөздер әлеменде. «ШИКУЛА»
5. Сиқырлы әріптер әлемінде. «ШИКУЛА и К»
6. Бастауыш мектеп №3. 2008жыл

Бахчачиева Зарина Файзуллаевна
Учитель английского языка
ТОО «Школа имени Абу Насыр Аль-Фараби»
Туркестанская область, Сайрамский район



SEVEN WONDERS OF THE WORLD

Методическое пособие «Seven Wonders of the World» (Семь чудес света) разработано в контексте реализации ключевых задач обновленного содержания образования Республики Казахстан, акцентирующих внимание на развитии социокультурной и межкультурной коммуникативной компетенций учащихся. В эпоху глобализации и стремительного информационного обмена, знание английского языка становится неотделимым от понимания мирового культурного и исторического наследия.

Выбор данной темы обусловлен ее высоким мотивационным и познавательным потенциалом. Страноведческий материал о Древних и Новых чудесах света позволяет учителю английского языка не только обогатить лексический запас учащихся и закрепить грамматические структуры (например, сравнительные степени, пассивный залог для описания исторических фактов), но и органично интегрировать лингвистические задачи с общеобразовательными целями. Это способствует формированию у школьников широкого кругозора, критического мышления, а также уважения к культурному многообразию мира.

Актуальность пособия определяется необходимостью предоставления учителям практических, структурированных и коммуникативно-ориентированных инструментов для работы со страноведческим контентом. Оно призвано решить проблему недостаточной интеграции языка и содержания, предлагая эффективные методики, такие как проектное обучение и CLIL (Content and Language Integrated Learning).

Целью данного пособия является систематизация, разработка и предоставление учителю-практику готового комплекса дидактических материалов и методических рекомендаций, способствующих превращению изучения культурного наследия в активный, исследовательский и увлекательный процесс.

Структура пособия логична и ориентирована на практическое применение. В теоретической части (Раздел II) обосновываются выбранные методические подходы. Обширный практический раздел (Раздел III) разбит на модули, охватывающие как Древние, так и Новые чудеса, а также включает уникальный Казахстанский компонент – проект по исследованию национального достояния. Завершают пособие разделы по оцениванию и список литературы, обеспечивая тем самым полную методическую поддержку учителя.

Роль страноведения в формировании социокультурной компетенции

Понятие социокультурной компетенции в контексте обучения английскому языку.

В современном образовании, особенно при обучении иностранному языку, конечной целью является не только формирование лингвистической грамотности, но и достижение межкультурной коммуникативной компетенции. Согласно общеевропейским компетенциям

владения иностранным языком (CEFR), эта компетенция включает в себя языковые, социолингвистические и прагматические компоненты.

Страноведение как фундамент социокультурной компетенции

Страноведение (Cultural Studies/Area Studies) является ключевым компонентом, обеспечивающим формирование социокультурной компетенции. Оно включает изучение географии, истории, политической системы, экономики, искусства, традиций и образа жизни народа.

В контексте темы «Семь чудес света» страноведение выполняет следующие функции:

- Расширение кругозора: Предоставляет учащимся фактические знания о всемирно известных архитектурных и исторических памятниках, их создателях, местоположении и исторической эпохе.
- Создание культурного фона: Помогает понять, в каких культурных условиях возникли те или иные феномены, какие ценности они отражают, и почему они считаются «чудесами».
- Мотивационная функция: Изучение захватывающих исторических фактов и легенд повышает интерес к предмету, превращая процесс изучения языка из рутинного в увлекательное исследование.

3. Интегративный подход к страноведению

Изучение «Семи чудес света» позволяет реализовать интегративный подход, объединяя:

- Лингвистический аспект: Освоение тематической лексики (архитектурные термины, исторические даты, географические названия), закрепление грамматики (Пассивный залог — *was built, was created*, Сравнительные степени — *the highest, more ancient*).
- Культурологический аспект: Понимание вклада древних цивилизаций (Египет, Греция, Рим, Китай, Майя) в мировую культуру.
- Межпредметные связи (CLIL): Активное использование знаний по истории, географии и обществознанию на уроках английского языка.

Таким образом, страноведческий материал о чудесах света выступает не просто как информационный блок, а как культурный код, который ученики осваивают на английском языке. Он готовит их к реальному межкультурному общению, развивая не только языковую, но и общечеловеческую грамотность.

Через тему чудес света учащиеся осознают уникальность и универсальность человеческой цивилизации, что является основой для формирования толерантности и уважения к другим культурам. Это полностью соответствует концепции образования, направленной на воспитание гражданина мира.

Применение проектной и CLIL-технологий на уроках английского языка

Эффективность освоения страноведческого материала, такого как «Семь чудес света», значительно повышается при использовании проектной технологии и методики CLIL (Content and Language Integrated Learning).

1. Проектная технология (Project-Based Learning - PBL)

Проектная технология позволяет перейти от репродуктивного метода обучения к исследовательскому и творческому. В рамках темы «Seven Wonders of the World» она реализуется через следующие аспекты:

- Мотивация и Аутентичность: Учащиеся работают над реальными, значимыми задачами (например, создание туристического путеводителя или видеопрезентации), что повышает их внутреннюю мотивацию.
- Комплексное развитие навыков: Проект требует применения всех четырех видов речевой деятельности:
  - Чтение/Аудирование: Сбор информации из различных источников (статьи, видео).
  - Письмо: Составление текстов для презентаций, буклетов, эссе.
  - Говорение: Защита проекта, ответы на вопросы, ведение дискуссий.
- Критическое мышление: Учащиеся анализируют информацию, выбирают наиболее значимые факты и структурируют материал для представления.

• Коллективное обучение: Проекты чаще всего выполняются в группах, что развивает навыки сотрудничества, распределения ролей и ответственности.

В данном пособии проектная технология применяется в Модуле 4 ("The Kazakh Component"), где учащиеся создают проект "Seven Wonders of Kazakhstan", используя английский язык для описания национального культурного достояния.

2. CLIL-технология (Content and Language Integrated Learning)

Методика CLIL (Предметно-языковое интегрированное обучение) предполагает одновременное освоение предметного содержания (история, география, архитектура) и иностранного языка.

Преимущества CLIL в рамках данной темы:

• Интеграция: Вместо простого заучивания лексики, язык становится инструментом для изучения и обсуждения реальных фактов о пирамидах, храмах и скульптурах.

• Повышение когнитивной нагрузки: Учащиеся вынуждены использовать более сложную, академическую лексику и грамматические конструкции для формулирования предметных понятий.

• Межпредметные связи: CLIL обеспечивает естественную связь английского языка с историей (периоды создания чудес), географией (местоположение) и искусством.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ: Представленное методическое пособие «Seven Wonders of the World» (Семь чудес света) является комплексным руководством, разработанным для повышения эффективности преподавания английского языка в контексте обновленного казахстанского образовательного стандарта. Оно успешно систематизирует теоретические основы и практические инструменты для формирования у учащихся социокультурной, коммуникативной и функциональной грамотности посредством страноведческого материала.

1. Достижение целей и задач пособия

Основная цель пособия — разработка и внедрение эффективного комплекса материалов по теме «Семь чудес света» для развития социокультурной и межкультурной коммуникативной компетенций — была полностью реализована.

• Комплексность: Пособие охватывает все аспекты обучения: лексику, грамматику, четыре вида речевой деятельности (чтение, письмо, аудирование, говорение).

• Методическая обоснованность: Применение современных педагогических технологий — CLIL (интеграция языка и содержания) и проектное обучение (PBL) — доказало свою высокую эффективность в стимулировании познавательной активности.

• Практическая применимость: Четыре структурированных модуля (Древние чудеса, Новые чудеса, Технологии и Критическое мышление, Казахстанский компонент) предоставляют учителю готовые поурочные планы и дидактические материалы.

2. Ключевая роль страноведения и CLIL

Изучение «Семи чудес света» продемонстрировало, что страноведение выступает не просто как дополнение к уроку, но как необходимый фундамент для межкультурного общения. Знакомство с величайшими достижениями человеческой цивилизации позволяет:

1. Повысить аутентичность обучения: Учащиеся используют английский язык для обсуждения реальных, исторически значимых объектов, что имитирует реальные ситуации общения.

2. Значение проектной и ИКТ-технологий

Особое внимание в пособии уделено проектной работе, кульминацией которой стал проект «Seven Wonders of Kazakhstan». Этот проект выполняет двойную функцию: лингвистическую (применение всех освоенных грамматических и лексических структур) и воспитательную (формирование патриотизма и умения презентовать национальное наследие на международном языке).

Интеграция ИКТ (Google Earth/Maps) в Модуле 3 позволила организовать виртуальные экскурсии, делая процесс обучения наглядным, интерактивным и соответствующим современным образовательным трендам. Это не только мотивирует, но и развивает навыки

работы с цифровыми инструментами, что критически важно для функциональной грамотности XXI века.

Список использованной литературы:

1. Бим, И. Л. (2002). Иностранный язык: Базовый курс. Концепция и программа. М.: Просвещение.
2. Гальскова, Н. Д., Гез, Н. И. (2004). Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика. М.: Академия.
3. Елизарова, Г. В. (2005). Культура и обучение иностранным языкам. СПб.: Союз.

Сағатова Күлән Күшікбайқызы
Химия пәні мұғалімі
“IT мектеп-лицейі” КММ
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы

ХИМИЯ ЖӘНЕ МИКРОПЛАСТИК: ЖАНАНДЫҚ ПРОБЛЕМА

Аннотация. *Мақалада микропластиктің химиялық табиғаты мен оның қоршаған ортаға, адам денсаулығына әсері қарастырылған. Автор микропластиктің экожүйеде жинақталу механизмдерін, оның химиялық тұрақтылығының себептерін және жаһандық таралу ауқымын ғылыми тұрғыдан талдай отырып, мәселенің шешу жолдарын ұсынады. Сонымен қатар химия пәні мұғалімдерінің экологиялық мәдениет қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударылады.*

Кілт сөздер*: микропластик, химия, экология, полимерлер, биодеградация, экологиялық мәдениет, жаһандық ластану.*

Адамзат өркениетінің дамуы табиғат сыйлаған ресурстарды игеру мен ғылыми-техникалық прогрестің жаңа деңгейлерін бағындыру арқылы жүзеге асып келеді. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап синтетикалық полимерлердің қарқынды өндірісі адам өмірінің барлық саласына еніп, тұрмыста, медицинада, ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және тамақ индустриясында таптырмас материал ретінде қолданылып келеді. Алайда осы жетістікпен қатар, адам баласы өз қолымен жаңа экологиялық қатер — микропластик атты жаһандық ластану проблемасын туындатты. Химия ғылымының терең заңдылықтарын түсінбей, оның туындысын бақылаусыз пайдалану бүгінде бүкіл планетаның биосфералық тепе-теңдігіне қауіп төндіріп отыр.

Микропластик ұғымы соңғы жылдары ғылыми қауымдастықта ерекше назарға ілікті. Бұл термин өлшемі 5 миллиметрден аспайтын ұсақ пластикалық бөлшектерді білдіреді. Олардың шығу тегі екі түрлі: біріншісі — бастапқы микропластиктер, яғни косметикалық заттар, тұрмыстық химия өнімдері мен синтетикалық тоқыма талшықтары құрамында әдейі өндірілетін микробөлшектер; екіншісі — ірі пластик қалдықтарының ыдырауынан түзілетін қайталама микропластиктер. Табиғи жағдайда пластмассалар биологиялық жолмен ыдырамайтындықтан, олар жүздеген жылдар бойы қоршаған ортада сақталып, күн сәулесі мен механикалық әсердің нәтижесінде ұсақталып, микроскопиялық бөлшектерге айналады.

Химиялық тұрғыдан микропластиктер — полимер тізбектерінен тұратын күрделі органикалық қосылыстар. Олардың құрамында полиэтилен, полипропилен, полистирол, поливинилхлорид және полиэтилентерефталат сияқты кең таралған синтетикалық материалдар басым. Бұл заттар табиғи факторлардың әсеріне төзімді, яғни фотодеструкция,

гидролиз және микробтық ыдырау процестері өте баяу жүреді. Міне, осы қасиет олардың ұзақ уақыт бойы экожүйеде жиналуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар микропластик бөлшектер өз бетімен зиянсыз көрінгенімен, олардың беткі қабаты ауыр металл иондарын, тұрақты органикалық ластағыштарды және пестицид қалдықтарын өзіне адсорбциялайды. Сөйтіп олар экологиялық тұрғыдан «улы сорбенттерге» айналып, тағам тізбегі арқылы адам ағзасына дейін жетеді.

Ғылыми зерттеулер соңғы онжылдықта микропластиктің таралу ауқымы ғаламдық сипатқа ие болғанын дәлелдеп отыр. Ол тек мұхит пен өзен суларында ғана емес, ауадан, топырақтан, тіпті Антарктида мұз қабаттарынан да табылуда. Микропластиктің негізгі көзі ретінде тұрмыстық пластик қалдықтары, автокөлік шиналарының тозуы, синтетикалық киімдердің жуу кезінде бөлінетін талшықтары және өнеркәсіптік өндіріс аталады. Мысалы, бір ғана полиэстер киімді жуу кезінде орта есеппен 700 мыңға жуық микроталшық суға бөлініп шығады, ал бұл талшықтар су тазарту жүйелерінен өтіп кетіп, өзен-көлдерге түседі. Осылайша, көрінбейтін, бірақ шын мәнінде қауіпті химиялық бөлшектер әлемдік су айналымына қосылып, бүкіл тіршілік иесіне әсер ететін факторға айналды.

Химия тұрғысынан қарастырғанда, микропластиктің қоршаған ортада тұрақтылығын төмендетудің бір жолы — биодеградация процесін күшейтуге бағытталған жаңа катализаторлар мен полимер түрлерін синтездеу. Соңғы зерттеулер биополимерлер мен фотокатализаторлардың көмегімен пластиктің ыдырау жылдамдығын арттыруға болатынын көрсетті. Дегенмен бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жеткіліксіз. Мәселенің түпкі шешімі химия өнеркәсібін қайта құрылымдап, экологиялық таза, қайталама өңдеуге бейім материалдар өндірісін кеңейтуге саяды.

Микропластиктің адам денсаулығына әсері де алаңдатарлық. Ғалымдар оның адам қаны мен өкпе тіндерінен, тіпті плацентадан да табылғанын хабарлады. Бұл бөлшектер ағзада жинақталып, жасушалық деңгейде тотығу стрессін, қабыну реакциясын, эндокриндік бұзылыстар мен мутациялық өзгерістерді тудыруы мүмкін. Әсіресе нанопластик деңгейіндегі бөлшектер биологиялық тосқауылдардан еркін өтіп, жүйке және репродуктивті жүйелерге әсер етеді. Мұндай деректер адамзаттың пластикке деген тұтынушылық көзқарасын қайта қарауды талап етеді.

Жаһандық ұйымдар мен экологиялық қозғалыстар микропластиктің таралуын шектеуге бағытталған түрлі бастамаларды қолға алуда. Бірқатар мемлекеттер косметика мен тұрмыстық химия құрамындағы микропластиктерді пайдалануға тыйым салды, ал Еуропалық Одақ 2030 жылға қарай барлық пластикалық өнімдердің 100% қайта өңделуін мақсат етіп отыр. Қазақстанда да экологиялық мәдениетті арттыру және қалдықтарды сұрыптап жинау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Бұл бағытта химия пәнінің мұғалімдерінің рөлі айрықша. Өйткені мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға химиялық сауаттылық пен экологиялық жауапкершілікті қатар үйрету — болашақта осындай жаһандық мәселелердің алдын алудың ең тиімді жолы.

Химия пәні арқылы оқушыларға заттардың құрылысы мен қасиеттерін түсіндірумен қатар, олардың табиғатпен өзара байланысын көрсету ерекше маңызды. Өйткені химия тек реакциялар мен формулалардың жиынтығы ғана емес, ол — табиғаттың өзіндік тілі, оның ішкі заңдылықтарын танып-білудің ең сенімді құралы. Әрбір химиялық құбылыс адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті түсінуге жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, микропластик тақырыбын оқу бағдарламасына енгізу — оқушылардың ғылыми ойлауын дамытумен қатар, экологиялық жауапкершілік сезімін қалыптастырудың тиімді тетігі болып табылады.

Микропластик мәселесін мектеп химиясында қарастыру оқушыларға тек экологиялық проблема ретінде ғана емес, нақты ғылыми зерттеу нысаны ретінде танылады. Мұғалім сабақта бұл тақырыпты түсіндіруде түрлі әдіс-тәсілдерді — мәселелік оқыту, зерттеу жобалары, тәжірибелік эксперименттер және экологиялық жағдайларды модельдеу сияқты белсенді педагогикалық технологияларды қолданғаны жөн. Мысалы, «Микропластик қайдан пайда болады?» деген мәселелік сұрақ қою арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілетін

дамытуға болады. Олар өз өмірінен мысал келтіре отырып, тұрмыстық пластиктің айналымын талдайды, оның қоршаған ортаға әсерін ғылыми тұрғыдан бағалауға тырысады.

Зерттеу әдісін қолдану арқылы оқушылар өздері деректер жинап, талдау жасауға үйренеді. Мысалы, мектеп зертханасында микропластикті анықтауға бағытталған қарапайым тәжірибелерді ұйымдастыруға болады: түрлі сүзгілеу материалдарының тиімділігін салыстыру, тұрмыстық су үлгілерін микроскоп арқылы талдау немесе пластиктің күн сәулесінің әсерінен ыдырауын зерттеу. Оқыту процесінде мұғалімдер интербелсенді әдістерді кеңінен қолдана алады. Мәселен, «Химиялық детектив» ойынын ұйымдастырып, оқушыларға белгісіз үлгілерден пластиктің түрін анықтау тапсырмасын беруге болады. Бұл тапсырма барысында оқушылар химиялық талдаудың қарапайым тәсілдерін (еріткіштерде ерігіштігін тексеру, қыздырғандағы иіс пен өзгерістерді бақылау, тығыздықты анықтау) қолдана отырып, өз зерттеу нәтижелерін дәлелдейді.

Оқушыларды қызықтырудың тағы бір тиімді тәсілі — жобалық оқыту әдісі. Мұнда әр оқушы немесе шағын топ «Пластиксіз бір күн», «Менің мектебім — таза аймақ», «Микропластиксіз болашақ» сияқты шағын зерттеу жобаларын жасап, өз ұсыныстарын сынып алдында қорғай алады. Бұл жұмыстар экологиялық мәдениетті қалыптастырып, оқушыларды ғылыми ақпаратты іздеу, талдау және дәлелдеу мәдениетіне баулиды. Сонымен қатар мұғалім оқушыларды ғылыми-практикалық конференциялар мен экологиялық форумдарға қатысуға ынталандыру арқылы олардың зерттеу нәтижелерін нақты ортада көрсетуге мүмкіндік береді.

Химия сабағында экологиялық бағыттағы интеграцияланған сабақтар ұйымдастыру да маңызды. Мысалы, биология және география пәндерімен байланыста «Топырақтағы микропластик іздері», «Мұхиттағы полимер ластануының химиялық салдары» сияқты тақырыптарда бірлескен сабақтар өткізуге болады. Бұл тәсіл пәнаралық байланыстарды нығайтып, оқушылардың табиғатты тұтас жүйе ретінде қабылдауына жағдай жасайды.

Сонымен қатар қазіргі цифрлық дәуірде оқушыларды виртуалды зертханалар мен мультимедиалық тәжірибелер арқылы қызықтыру тиімді. Арнайы онлайн симуляциялар мен цифрлық платформаларда пластиктің ыдырау процесін модельдеуге, химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторларды зерттеуге немесе микропластиктің молекулалық құрылымын 3D форматта көруге мүмкіндік бар. Мұндай интерактивті тәсілдер оқушылардың визуалды және кеңістіктік ойлау қабілеттерін дамытады, сабақтың эмоционалды әсерін күшейтеді.

Қорытындылай келе, микропластик проблемасын шешуде тек халықаралық ынтымақтастық қана емес, әрбір мектеп пен мұғалімнің үлесі де зор. Ғаламдық деңгейде ортақ экологиялық саясат қалыптастыру, ғылыми мәліметтермен алмасу, биодеградациялаушы полимерлердің халықаралық стандарттарын бекіту — осы бағыттағы маңызды қадамдар. Бірақ бұл қадамдардың нәтижесі тек жоғары деңгейдегі шешімдермен шектелмей, жеке тұлғаның санасынан басталуы тиіс. Ал осы сананы қалыптастыратын негізгі күш — білім, ал білімнің өзегі — химия. Химия ғылымы бұл процесте негізгі құрал ретінде қызмет атқаруы тиіс, өйткені тек химиялық талдау арқылы ғана микропластиктің табиғатын, құрамын және таралу жолдарын нақты анықтап, тиімді шешім ұсынуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Andrady, A. L. Microplastics in the marine environment. *Marine Pollution Bulletin*, 2011, 62(8), 1596–1605.

2. Geyer, R., Jambeck, J. R., Law, K. L. Production, use, and fate of all plastics ever made. *Science Advances*, 2017, 3(7), e1700782.

3. Li, J., Liu, H., Paul Chen, J. Microplastics in freshwater systems: A review on occurrence, environmental effects, and methods for microplastics detection. *Water Research,* 2018, 137, 362–374.

4. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі. *Қалдықтарды басқару және экологиялық мәдениетті арттыру туралы ұлттық есеп*, Астана, 2023.

Каражанова Сериккуль Ермекбаевна
Бастауыш сынып мұғалімі
«№72 орта мектебі» КММ
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Жетес би ауылдық округі, Райым ауылы

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУ

***Аннотация**. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруда цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолданудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінің цифрлануы жағдайында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, оқу процесін дараландыру және оқу әрекетіне қызығушылығын күшейту мәселелері ерекше өзектілікке ие болып отыр. Цифрлық ресурстардың интерактивтілігі, көрнекілігі және көпқырлылығы бастауыш білім беру кезеңінде баланың психологиялық ерекшеліктеріне сай келіп, оның оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Мақалада мультимедиялық технологиялар, білім беру платформалары, интерактивті тапсырмалар мен ойын негізіндегі оқыту құралдарының мотивациялық әсері ғылыми тұрғыдан талданады. Сонымен қатар мұғалімнің цифрлық педагогикалық құзыреттілігі оқу мотивациясын қалыптастырудағы негізгі факторлардың бірі ретінде сипатталады. Зерттеу нәтижелері цифрлық білім беру ресурстарын жүйелі әрі мақсатты қолдану оқушылардың ішкі мотивациясын күшейтіп қана қоймай, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға да ықпал ететінін көрсетеді.*

***Кілт сөздер:** цифрлық білім беру ресурстары, оқу мотивациясы, бастауыш білім, интерактивті оқыту, мультимедиа, педагогикалық технология, цифрлық құзыреттілік, оқушы белсенділігі.*

Цифрлық білім беру ресурстары қазіргі бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісін түбегейлі өзгертіп отырған маңызды факторлардың бірі болып табылады, себебі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім алушылардың танымдық әрекетінің сипатын да жаңа деңгейге көтеріп отыр. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес олардың назар аудару қабілеті тұрақсыз болғанымен, визуалды және интерактивті ақпаратқа деген қызығушылығы жоғары екені педагогикалық зерттеулерде дәлелденген. Осы тұрғыдан алғанда цифрлық ресурстар оқу материалын тек жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар баланың ішкі мотивациясын оятатын маңызды дидактикалық құрал ретінде қарастырылады. Оқу процесінде мультимедиялық элементтерді қолдану оқушының эмоциялық қабылдауын күшейтіп, жаңа ақпаратты есте сақтауды жеңілдетеді және оқу әрекетіне жағымды қатынас қалыптастырады. Сонымен қатар цифрлық орта оқушыға жеке қарқынмен жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, оның дербестігін дамытуға жағдай жасайды. Білім беру платформалары арқылы берілген тапсырмалар баланың жетістік сезімін арттырып, оны келесі оқу қадамына ынталандырады. Мұндай тәсілдер дәстүрлі оқыту жүйесін толықтырып қана қоймай, оны жаңа сапалық деңгейге шығарады. Цифрлық ресурстардың икемділігі мұғалімге оқу материалын оқушының деңгейіне бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқу мотивациясының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сондықтан бастауыш білім беруде цифрлық технологияларды қолдану тек уақыт талабы емес, педагогикалық қажеттілік болып табылады.

Оқу мотивациясының психологиялық негіздерін қарастырғанда, ішкі және сыртқы мотивацияның өзара байланысы ерекше мәнге ие болады, себебі оқушының оқу әрекетіне деген тұрақты қызығушылығы осы екі фактордың үйлесіміне тәуелді. Цифрлық білім беру ресурстары сыртқы мотивацияны күшейтетін визуалды және ойын элементтерін ұсыну арқылы баланың назарын оқу үдерісіне бағыттайды, ал біртіндеп ішкі мотивацияның қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл құбылыс өзін-өзі анықтау теориясымен түсіндіріліп, онда адамның автономия, құзыреттілік және әлеуметтік байланыс қажеттіліктері негізгі рөл

атқарады. Цифрлық ортада оқушы өз жетістігін бірден көре алатындықтан, оның құзыреттілік сезімі артып, оқу әрекетіне деген сенімі күшейеді. Сонымен қатар интерактивті тапсырмалар баланың белсенді әрекет етуіне мүмкіндік беріп, пассивті қабылдаушы рөлінен белсенді зерттеуші деңгейіне көтерілуіне ықпал етеді. Мұндай өзгеріс оқу процесін эмоционалды тұрғыдан тартымды етіп, оқушының ішкі қызығушылығын оятады. Ойын негізіндегі оқыту элементтері баланың табиғи ойын қажеттілігімен үйлесіп, күрделі оқу материалын жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе бастауыш сынып кезеңінде маңызды, себебі бұл жастағы балалар үшін ойын мен оқу арасындағы шекара әлі де шартты сипатта болады. Сондықтан цифрлық ресурстар оқу мен ойынның синтезі ретінде тиімді педагогикалық құралға айналады.

Цифрлық білім беру ресурстарының түрлері мен олардың оқу мотивациясына әсері әртүрлі деңгейде көрініс табады, себебі әрбір технологиялық құралдың дидактикалық мүмкіндігі ерекше сипатқа ие. Интерактивті тақталар арқылы берілген сабақтар оқушылардың визуалды қабылдауын күшейтіп, материалды нақты әрі түсінікті түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Білім беру платформалары үй тапсырмасын орындау процесін жүйелеп, оқушының өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастырады. Сонымен қатар мультимедиялық презентациялар күрделі ұғымдарды қарапайым формада ұсыну арқылы танымдық жүктемені азайтады. Цифрлық ойындар мен симуляциялар оқушыны белсенді әрекетке тартып, оқу процесін қызықты тәжірибеге айналдырады. Бұл құралдардың барлығы оқушының оқу әрекетіне деген оң эмоционалдық қатынасын қалыптастыруға бағытталған. Дегенмен цифрлық ресурстарды шамадан тыс қолдану ақпараттық шаршауға әкелуі мүмкін болғандықтан, оларды педагогикалық мақсатқа сай мөлшерлеп қолдану маңызды. Мұғалім цифрлық құралдарды сабақ құрылымына дұрыс енгізген жағдайда ғана олардың мотивациялық әсері жоғары болады. Осылайша цифрлық технологиялар оқу процесін байытып қана қоймай, оны тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып мұғалімінің цифрлық педагогикалық құзыреттілігі оқу мотивациясын қалыптастырудағы шешуші факторлардың бірі болып табылады, себебі технологияның тиімділігі оны қолданатын маманның кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Мұғалім цифрлық ресурстарды тек техникалық құрал ретінде емес, педагогикалық мақсатқа жетудің стратегиялық құралы ретінде қарастыруы қажет. Сабақ жоспарлау барысында цифрлық элементтерді мақсатты түрде енгізу оқушының назарын шоғырландыруға және оқу белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұғалім оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды саралап ұсынуы тиіс, бұл оқу мотивациясының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Педагогтың цифрлық сауаттылығы жоғары болған сайын ол оқу процесін икемді әрі тиімді ұйымдастыра алады. Оқушылардың кері байланысын талдау арқылы мұғалім оқу стратегиясын жетілдіріп, мотивациялық әдістерді жетілдіре алады. Бұл процесс үздіксіз кәсіби дамуды талап етеді, себебі цифрлық технологиялар тұрақты түрде жаңарып отырады. Сондықтан мұғалімнің инновациялық ойлау қабілеті оқу сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану барысында кездесетін негізгі қиындықтардың бірі – барлық оқушылардың технологияға тең қолжетімділігінің болмауы, бұл білім беру теңдігі мәселесін өзекті етеді. Кейбір жағдайларда техникалық құралдардың жетіспеушілігі немесе интернет сапасының төмендігі оқу процесінің тиімділігіне кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар мұғалімдердің цифрлық құралдарды толық меңгермеуі де мотивациялық әсерді әлсірететін факторлардың бірі болып табылады. Дегенмен бұл қиындықтар жүйелі түрде шешілген жағдайда цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігі айтарлықтай артады. Оқушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастыру да маңызды міндеттердің бірі болып саналады, себебі ақпараттық ортада дұрыс бағдарлау қабілеті олардың болашақтағы табыстылығына әсер етеді. Цифрлық құралдарды дұрыс қолдану оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, ақпаратты талдау дағдыларын жетілдіреді. Бұл олардың тек орындаушы емес, ақпаратты бағалаушы тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан цифрлық

білім беру ресурстары оқу мотивациясын арттырумен қатар, тұлғалық дамудың да маңызды құралы болып табылады.

Қорытындылай келе, цифрлық білім беру ресурстары бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруда тиімді педагогикалық құрал ретінде өзінің маңыздылығын дәлелдеп отыр, себебі олар оқу процесін қызықты, қолжетімді және интерактивті етеді. Оқушылардың ішкі мотивациясын дамыту үшін цифрлық технологиялар мен дәстүрлі оқыту әдістерін үйлесімді қолдану қажет, бұл білім беру сапасын жаңа деңгейге көтереді. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен цифрлық сауаттылығы оқу процесінің нәтижелілігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып қала береді. Сондықтан білім беру жүйесінде цифрлық ресурстарды тиімді енгізу тек техникалық жаңғырту емес, сонымен қатар педагогикалық ойлаудың эволюциясы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кенжебаева, З. Жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты бастауыш сыныптарда тәрбие жұмысын жүргізудің әдістемесі [Мәтін] : оқу құралы / З. Кенжебаева, А. Заурбекова. – Тараз : Формат-Принт, 2019. – 217 б.

2. Mayer, R. E. (2009). *Multimedia Learning*. Cambridge University Press.

3. Ефросинина Л.А. Книгочей: словарь-справочник по литературному чтению для младших школьников: 1-4 классы [Текст] / Л.А. Ефросинина. – М.: Вентана-Граф, 2012. – 320 с.

ПОВЫШЕНИЕ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

Аннотация. В данной статье рассматриваются теоретические и практические аспекты эффективного использования цифровых образовательных ресурсов для повышения учебной мотивации учащихся начальных классов. В условиях цифровизации современной системы образования особую актуальность приобретают вопросы повышения познавательной активности обучающихся, индивидуализации учебного процесса и усиления интереса к учебной деятельности. Интерактивность, наглядность и многофункциональность цифровых ресурсов соответствуют психологическим особенностям детей младшего школьного возраста и способствуют их активному участию в образовательном процессе. В статье с научной точки зрения анализируется мотивационное воздействие мультимедийных технологий, образовательных платформ, интерактивных заданий и игровых средств обучения. Кроме того, цифровая педагогическая компетентность учителя рассматривается как один из ключевых факторов формирования учебной мотивации. Результаты исследования показывают, что систематическое и целенаправленное использование цифровых образовательных ресурсов не только усиливает внутреннюю мотивацию учащихся, но и способствует развитию их творческого и критического мышления.

Ключевые слова: цифровые образовательные ресурсы, учебная мотивация, начальное образование, интерактивное обучение, мультимедиа, педагогическая технология, цифровая компетентность, активность учащихся.

Журналдың құрылтайшысы және иесі:
«АЙТУҒАНОВА» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығы.

Учредитель и собственник журнала:
Научно-методический центр «KEMENGER», относящийся к индивидуальному предпринимателю «АЙТУҒАНОВА».

Журнал 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап жарық көруде.
Басылым 1 айда 4 рет шығады.
Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 22 қыркүйектегі Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ44VPY00078195 берілген.

Журнал издается с декабря 2023 года.
Периодичность выпуска — 4 раза в месяц.
Журнал выдан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № KZ44VPY00078195 о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 22 сентября 2023 года.

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің анықтығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды. Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические
ошибки несут авторы. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

Мекенжайы:
100012, Қарағанды қ.,
Н. Назарбаев даңғ., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303

Басуға 24.10.2025 ж. қол қойылды.

Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 26. RISO басылым.
Таралымы - 50 дана.

«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығының полиграфиялық қызметтер бөлімінде басылып шығарылды.

Наш адрес:
100012, г. Караганда,
пр. Н. Назарбаева, 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303

Подписано в печать 24.10.2025 г.

Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 26. Печать RISO.
Тираж - 50 экз.

Отпечатано в полиграфическом отделе НМЦ «KEMENGER» ИП «АЙТУҒАНОВА».

ULAĠATTY USTAZ JOLY



Ахмет Байтұрсынов



Ыбырай Алтынсарин

Ұстаз – ұлттың шамшырағы

Мектептің жүрегі – ұстаз. Ұстаз біліммен ғана емес, жүрек жылуымен, мейірімімен, ұстанымымен шәкіртке жол сілтейді. Шын мәнінде, қандай мұғалім болса – болашақ та сондай.

Ұстаздың әр сөзі, әр қадамы – баланың болашағына жазылған тағдыр іспетті. Сондықтан да ең басты байлық – білімді, жан-жақты, әдістемені терең меңгерген, әр баланың жүрегіне жол таба алатын мұғалім.

Жақсы мұғалім – жай ғана маман емес, ол – тәрбиелеуші, шабыттандырушы, бағыт беруші. Ұстаз – уақыттан озып жүретін адам. Оның бүгін еккен дәні – ел ертеңінің жемісі.

QR-кодты сканерлеу арқылы бізбен тікелей байланысқа шыға аласыз.
Вы можете связаться с нами напрямую, отсканировав QR-код.